

ISSN 2072-0297



МОЛОДОЙ[®] УЧЁНЫЙ

международный научный журнал

СПЕЦВЫПУСК

Кызылординского
государственного
университета
имени Коркыт Ата.
Кафедра «Экономическая
теория и государственное
управление»

Является приложением к научному журналу
«Молодой ученый» № 8 (142)

8.1
2017

16+

ISSN 2072-0297

МОЛОДОЙ УЧЁНЫЙ

Международный научный журнал

Выходит еженедельно

№ 8.1 (142.1) / 2017

СПЕЦВЫПУСК КЫЗЫЛОРДИНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ КОРКЫТ АТА.
КАФЕДРА «ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ТЕОРИЯ И ГОСУДАРСТВЕННОЕ УПРАВЛЕНИЕ»

Ответственный за спецвыпуск – Абдимомынова Алма Шакирбековна, кандидат экономических наук, доцент

Редакционная коллегия:

Главный редактор: Ахметов Ильдар Геннадьевич, кандидат технических наук

Члены редакционной коллегии:

Ахметова Мария Николаевна, доктор педагогических наук

Иванова Юлия Валентиновна, доктор философских наук

Каленский Александр Васильевич, доктор физико-математических наук

Куташов Вячеслав Анатольевич, доктор медицинских наук

Лактионов Константин Станиславович, доктор биологических наук

Сараева Надежда Михайловна, доктор психологических наук

Абдрасилов Турганбай Курманбаевич, доктор философии (PhD) по философским наукам

Авдеюк Оксана Алексеевна, кандидат технических наук

Айдаров Оразхан Турсункожаевич, кандидат географических наук

Алиева Тарана Ибрагим кызы, кандидат химических наук

Ахметова Валерия Валерьевна, кандидат медицинских наук

Брезгин Вячеслав Сергеевич, кандидат экономических наук

Данилов Олег Евгеньевич, кандидат педагогических наук

Дёмин Александр Викторович, кандидат биологических наук

Дядюн Кристина Владимировна, кандидат юридических наук

Желнова Кристина Владимировна, кандидат экономических наук

Жуйкова Тамара Павловна, кандидат педагогических наук

Жураев Хуснидин Олтинбоевич, кандидат педагогических наук

Игнатова Мария Александровна, кандидат искусствоведения

Калдыбай Кайнар Калдыбайулы, доктор философии (PhD) по философским наукам

Кенесов Асхат Алмасович, кандидат политических наук

Коварда Владимир Васильевич, кандидат физико-математических наук

Комогорцев Максим Геннадьевич, кандидат технических наук

Котляров Алексей Васильевич, кандидат геолого-минералогических наук

Кузьмина Виолетта Михайловна, кандидат исторических наук, кандидат психологических наук

Курпаяниди Константин Иванович, доктор философии (PhD) по экономическим наукам

Кучерявенко Светлана Алексеевна, кандидат экономических наук

Лескова Екатерина Викторовна, кандидат физико-математических наук

Макеева Ирина Александровна, кандидат педагогических наук

Матвиенко Евгений Владимирович, кандидат биологических наук

Матроскина Татьяна Викторовна, кандидат экономических наук

Матусевич Марина Степановна, кандидат педагогических наук

Мусаева Ума Алиевна, кандидат технических наук

Насимов Мурат Орленбаевич, кандидат политических наук

Паридинова Ботагоз Жаппаровна, магистр философии

Прончев Геннадий Борисович, кандидат физико-математических наук

Семахин Андрей Михайлович, кандидат технических наук

Сенцов Аркадий Эдуардович, кандидат политических наук

Сенюшкин Николай Сергеевич, кандидат технических наук

Титова Елена Ивановна, кандидат педагогических наук

Ткаченко Ирина Георгиевна, кандидат филологических наук

Фозилов Садриддин Файзуллаевич, кандидат химических наук

Яхина Асия Сергеевна, кандидат технических наук

Ячинова Светлана Николаевна, кандидат педагогических наук

Журнал зарегистрирован Федеральной службой по надзору в сфере связи, информационных технологий и массовых коммуникаций.

Свидетельство о регистрации средства массовой информации ПИ № ФС77-38059 от 11 ноября 2009 г.

Журнал входит в систему РИНЦ (Российский индекс научного цитирования) на платформе elibrary.ru.

Журнал включен в международный каталог периодических изданий «Ulrich's Periodicals Directory».

Статьи, поступающие в редакцию, рецензируются. За достоверность сведений, изложенных в статьях, ответственность несут авторы. Мнение редакции может не совпадать с мнением авторов материалов. При перепечатке ссылка на журнал обязательна.

Международный редакционный совет:

Айрян Заруи Геворковна, *кандидат филологических наук, доцент (Армения)*

Арошидзе Паата Леонидович, *доктор экономических наук, ассоциированный профессор (Грузия)*

Атаев Загир Вагитович, *кандидат географических наук, профессор (Россия)*

Ахмеденов Кажмурат Максutowич, *кандидат географических наук, ассоциированный профессор (Казахстан)*

Бидова Бэла Бертовна, *доктор юридических наук, доцент (Россия)*

Борисов Вячеслав Викторович, *доктор педагогических наук, профессор (Украина)*

Велковска Гена Цветкова, *доктор экономических наук, доцент (Болгария)*

Гайич Тамара, *доктор экономических наук (Сербия)*

Данатаров Агахан, *кандидат технических наук (Туркменистан)*

Данилов Александр Максимович, *доктор технических наук, профессор (Россия)*

Демидов Алексей Александрович, *доктор медицинских наук, профессор (Россия)*

Досманбетова Зейнегуль Рамазановна, *доктор философии (PhD) по филологическим наукам (Казахстан)*

Ешиев Абдыракман Молдоалиевич, *доктор медицинских наук, доцент, зав. отделением (Кыргызстан)*

Жолдошев Сапарбай Тезекбаевич, *доктор медицинских наук, профессор (Кыргызстан)*

Игисинов Нурбек Сагинбекович, *доктор медицинских наук, профессор (Казахстан)*

Кадыров Кутлуг-Бек Бекмурадович, *кандидат педагогических наук, заместитель директора (Узбекистан)*

Кайгородов Иван Борисович, *кандидат физико-математических наук (Бразилия)*

Каленский Александр Васильевич, *доктор физико-математических наук, профессор (Россия)*

Козырева Ольга Анатольевна, *кандидат педагогических наук, доцент (Россия)*

Колпак Евгений Петрович, *доктор физико-математических наук, профессор (Россия)*

Курпаяниди Константин Иванович, *доктор философии (PhD) по экономическим наукам (Узбекистан)*

Куташов Вячеслав Анатольевич, *доктор медицинских наук, профессор (Россия)*

Лю Цзюань, *доктор филологических наук, профессор (Китай)*

Малес Людмила Владимировна, *доктор социологических наук, доцент (Украина)*

Нагервадзе Марина Алиевна, *доктор биологических наук, профессор (Грузия)*

Нурмамедли Фазиль Алигусейн оглы, *кандидат геолого-минералогических наук (Азербайджан)*

Прокопьев Николай Яковлевич, *доктор медицинских наук, профессор (Россия)*

Прокофьева Марина Анатольевна, *кандидат педагогических наук, доцент (Казахстан)*

Рахматуллин Рафаэль Юсупович, *доктор философских наук, профессор (Россия)*

Ребезов Максим Борисович, *доктор сельскохозяйственных наук, профессор (Россия)*

Сорока Юлия Георгиевна, *доктор социологических наук, доцент (Украина)*

Узаков Гулом Норбоевич, *доктор технических наук, доцент (Узбекистан)*

Хоналиев Назарали Хоналиевич, *доктор экономических наук, старший научный сотрудник (Таджикистан)*

Хоссейни Амир, *доктор филологических наук (Иран)*

Шарипов Аскар Калиевич, *доктор экономических наук, доцент (Казахстан)*

Руководитель редакционного отдела: Кайнова Галина Анатольевна

Ответственный редактор спецвыпуска: Шульга Олеся Анатольевна

Художник: Шишков Евгений Анатольевич

Верстка: Бурьянов Павел Яковлевич

Почтовый адрес редакции: 420126, г. Казань, ул. Амирхана, 10а, а/я 231.

Фактический адрес редакции: 420029, г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, д. 25.

E-mail: info@moluch.ru; http://www.moluch.ru/.

Учредитель и издатель: ООО «Издательство Молодой ученый».

Основной тираж номера 500 экз., фактический тираж спецвыпуска: 17 экз. Дата выхода в свет: 15.03.2017. Цена свободная.

Материалы публикуются в авторской редакции. Все права защищены.

Отпечатано в типографии издательства «Молодой ученый», 420029, г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, д. 25.

На обложке изображен *Мухаммад Юнус* (родился 28 июня 1940 г.), бангладешский экономист, банкир, идеолог и пионер концепции микрофинансирования, лауреат Нобелевской премии мира 2006 года за усилия по созданию экономического и социального развития снизу.

Доктор экономических наук, профессор экономики Университета штата Теннесси, а затем Университета Читтагонга, Мухаммад Юнус в 1976 году посетил одну из бедных деревень родного Бангладеша и поразился, насколько местные ростовщики задушили всю микроэкономику этого региона. Кредитные ставки были настолько высоки, а сроки погашения так коротки, что крестьяне не успевали реализовывать свою продукцию на местных рынках. Мухаммад Юнус начал с того, что оплатил долги крестьян, открыл свой Grameen Bank и ввел систему микрофинансирования

и микрокредитования, начав выдавать мелкие ссуды под вопиюще низкие проценты и со значительно увеличенным сроком погашения, причем без всяких поручителей и залогов, но при условии, что выдаваемые им деньги будут направлены на развитие и расширение бизнеса. Несмотря на скептицизм и прогнозы критиков, что все деньги, взятые при таких щадящих условиях, в основном будут потрачены на свадьбы, похороны и образование, процент невозврата таких микрокредитов оказался рекордно низок (менее 3 %). Система себя оправдала, проект оказался не только социально, но и коммерчески успешным, и развитие этого региона пошло в гору. Мухаммад Юнус, которого до этого считали благородным чудаком, стал советником правительства Бангладеш.

Екатерина Осянина, ответственный редактор

СОДЕРЖАНИЕ

Абдукаримов Ш. Н., Наурызбаев А. Ж. Мемлекет және дін: арақатынас мәселелері1	Мұхтарова А. М. Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу және дамыту әдістері.....33
Абуталип А. Е., Абдимомынова А. Ш. Коммуналдық шаруашылықты тиімді басқару мәселелері 4	Нургабылова М. Н., Абдимомынова А. Ш. Еңбек нарығында әйел жұмыс күшін пайдалану ерекшеліктері.....36
Бекхожаева А. К. Өңірлік еңбек рыногының қалыптасу ерекшеліктері мен факторлары7	Rysmakhanova G. Z., Elibayev N. A. The theory and practice of acceptance of management decisions in modern business.....38
Бекхожаева А. К. Вопросы финансирования гендерных основ социальной политики 10	Сегизбаева Д. У., Арынова Л. Д. Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдік және гендерлік реттеу саясаты..... 41
Берикболова У. Д. Сущность понятия «инновация» как экономической категории12	Сегизбаева Д. У., Ким В. В. Место и роль государства в условиях устойчивого развития отраслей социальной сферы44
Дузельбаева Г. Б. Кәсіпорындағы персоналды басқару қызметін жетілдіру жолдары.....15	Сегизбаева Д. У., Спанова Л. К. Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуы.....46
Жайбергген Н. Н., Умирзакова М. А. Аграрлық секторда кәсіпкерлікті дамыту бағыттары19	Темирбекова Э. Т., Абдишова Г. Б. Меритократия на государственной службе как основа укрепления государственности и развития казахстанской демократии49
Ким В. В., Абдишова Г. Б. Особенности агропромышленного комплекса в Казахстане.....21	Темирбекова Э. Т., Бердәлі Қ. Е. Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері 51
Ким В. В., Макина Д. Қ. Развитие малого бизнеса в Республике Казахстан23	Темирбекова Э. Т., Мәлібекова Ж. Ә. Өңірде туристік қызмет көрсетуді дамыту мәселелері53
Ким В. В., Сегизбаева Д. У. Развитие свободных экономических зон в Казахстане.....26	Темирбекова Э. Т., Шайхыслам Б. К. Туризмді дамытудың негізгі бағыттары мен туризмнің экономикадағы рөлі.....55
Махамбетова М. А. Анализ качества жизни населения региона.....28	Темирбекова Э. Т. Достойная жизнь человека как экономическая основа инновационного развития страны..... 57
Мұхтарова А. М. Қазақстан өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау 31	

Убайтжан Назерке, ГМУ-14–1 п/я оқу тобының студенті; Жусупов А. Е.

Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі кадрлар құрамын талдау..... 60

Умирзакова М. А., Маденов С. Б.

Халықтың тұрмыс деңгейін арттыруда отбасылық бизнестің ықпалын талдау.....63

Шайхисламова Г. Ш.

Этапы становления государственной службы в Республике Казахстан65

Мемлекет және дін: арақатынас мәселелері

Абдукаримов Шамдаулет Нурдаулетович, магистрант;
Наурызбаев Асылбек Жумабаевич, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ., Қазақстан

Қазақстан — көп ұлтты, поликонфессионалды (көп конфессиялы, дінді) мемлекет. Елімізде 140 этнос пен 17 конфессия өкілдері тұрады. Егемендік алғаннан кейінгі 26 жылда елімізде діни бірлестіктердің саны 700 ден 3621-ге дейін өскен. Қазақстанда 2009 жылы өткен санақ барысында еліміздің 70,2 пайыз халқы ислам дінін ұстанса, 26,3% — христиан дінінде, 2,8% — ешқандай дінге сенбейтіндер яғни атеисттер, 0,01% — буддизм, 0,5% — діни сенімі көрсетуден бас тарқан екен. Демек, мемлекет тұрғындарының 97 пайыздан астамы өздерін қандайда-бір діннің өкілдері қатарына жатқызады [1]. Алайда, олардың барлығы діндар емес, яғни өздерінің діни сенімі талап ететін қағидалары мен жоралғыларын орындай да, біле де бермейді. Мысалы, өздерін мұсылмандар қатарына жатқызатын азаматтардың барлығы бірдей бес уақыт намаз орындауды былай қойғанда, исламдағы бес парызды тізіп айтып бере алмайды. Сол сияқты, христиандардың ішінде өздерін Православиялықтар қатарына жатқызатындар имандылықтың символын (символ веры) немесе діни сенімдерінің Католицизм немесе Протестантизмнен айырмашылығын айта алмайды. Негізінен халықтың басым көпшілігі дінге тек неке қию, жерлеу рәсімдерін орындау және діни мерекелерді атап өту кезінде жүгінеді.

Қазіргі таңда посткеңестік елдердің барлығында дерлік діни қайта өрлеу, жаңғыру үдерісі жүріп жатырғандығын аңғаруға болады. Кеңес Одағы ыдырап, мемлекетіміз тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде тұрып жатқан этностар өздерінің ата-бабаларының ұстанған дәстүрлі діндеріне қайта бет бұра бастады. Қазақстанда дәстүрлі діндер қатарына Ислам діні, оның ішінде Сунниттік бағыты (Ханафи мазхабы) және Христиан діні, Православия бағыты жатады.

Қазақстанда діни бірлестіктердің санының күрт өсуіне егемендіктің алғашқы жылдарындағы демократия, гуманизация, діни сенім бостандығы ұранымен қабылданып кеткен ҚР «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» туралы Заңының (1992) тым либеральдығы өз ықпалын тигізгені анық [2]. Себебі, аталған заңның талаптары бойынша діни бірлестік құрып, оны әділет органдарында тіркеу үшін, діни бірлестікке құрылтайшы ретінде небәрі 10 адамның жиналуы жеткілікті болатын. Сондай-ақ, құрылтайшылар діни бірлестіктің ішкі жарғысында еліміздің заңдарына қайшы келетін көзқарастарды көрсетпесе болғаны, мемлекеттік органдар ондай діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуге қоюға кедергі жасай алмайтын. Міне, осындай заңымы-

здың қарапайымдылығынан көптеген елдерде секталар қатарындағы оккульти, деструктивті діни бірлестіктер еліміздің аумағында емін-еркін еніп, заңды түрде өз қызметтерін жүзеге асырып келді. 15.10.2011 жылғы «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы» Заңда еліміздегі діни бірлестіктердің мәртебесін үшке бөлген [3]. Яғни, діни бірлестіктер жергілікті, өңірлік және республикалық мәртебесі бар діни бірлестіктер болып жіктеледі. Сондай-ақ, бұрынғыдай он адамның қолын жинап, діни бірлестік құра салу практикасы тоқтатылды. Енді құрылатын діни бірлестіктердің жарғылары Дін істер агенттігінің сараптау комиссиясынан өткізілетін болып, елдегі барлық діни бірлестіктер қайта тіркеуден өтуге мәжбүр болды. Сонымен қатар, жергілікті мәртебедегі діни бірлестік құру үшін, бастамашы ретінде ҚР азаматтары қатарынан елу адам жинау қажет болса, өңірлік діни бірлестік құру үшін бес жүз адам, ал республикалық діни бірлестік құру үшін бес мың адам жинау талабы қойылды. Бұл еліміздің дін саласындағы заңнамада ілгері басушылық болып табылады. Себебі, бұрындары тіркеліп кеткен кейбір діни бірлестіктердің мүшелерін тексерген кезде, кейбір қол қойған мүшелері өздерінің діни бірлестік мүшелері ретінде тіркелгендерін білмейтін болып шыққан жағдайлар кездесті.

Әрбір қоғамда, тіпті коммунистік тоталитарлы, әкімшіл-әміршіл жүйедегі Кеңес одағы билік етіп тұрған кездің өзінде, халықтың арасында дінге сенуші, діндарлардың белгілі бір пайызы болғаны рас. Кеңес одағының өзінде діни сенім бостандығы болды. Дін мен мемлекет — қоғамның ажырамас элементтері. Ал діннің зайырлы мемлекеттегі ролі мен мағынасы, дін мен мемлекеттің арақатынасына келер болсақ, бұл сұрақтың төңірегінде көптеген пікір-таластар орын алуға.

Зайырлы мемлекет қағидасы бойынша діннің мемлекетке үстемдік етуіне жол берілмейді, дін мемлекет істеріне араласпайды, алайда, зайырлы мемлекет дінді де мүлдем жоққа шығармайды. Яғни, зайырлылық дегеніміз ол атеисттік деген сөз емес, бұл туралы өзінің «Ұлт пен дін — тәуелсіздіктің арқауы» атты кітабында философия ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Айталы баяндаған [4].

Мемлекетіміздің зайырлылығының құқықтық негізі ретінде ата заңымыз Конституция мен «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының баптарына тоқтала кетсек. Барлығымызға белгілі, Конституцияның бірінші бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялы, зайырлы ... мемлекет деп орнықтырады», — делінген [5].

Діннің мемлекеттен бөлінгені туралы конституцияда көрсетілмеген. Ал «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3-бабының 1-бөлігінде мемлекеттің дін мен діни бірлестіктерден бөлінгендігі көрсетіледі. Сондай-ақ, осы заңның 3-бабының 3-бөлігінде, ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейтіндігі, ал 4-бөлігінде діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болатындығы айқындалады. Заң шығарушы аталған заңның преамбуласында «халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өмірінде ханафи бағытындағы исламның және православтық христиандықтың тарихи рөлін танитынын, Қазақстан халқының діни мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады», — деп көрсетеді.

Діннің саясатқа араласуына тосқауыл ретінде Конституцияның 5-бабының 4-тармағында Республикада діни негізде қызмет ететін саяси партияларға жол берілмейтіні көрсетілгенін атап өтуге болады. Азаматтарымыздың діни сенім бостандығы саласындағы құқықтарына келер болсақ, Конституцияның 14-бабында «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең», «дінге көзқарасына,.... байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» — деп көрсетілсе, 22-бабында «Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар» — деп көрсетілген [5,76]. Конституцияның осы және өзгеде заң нормалары мемлекет пен діни қатынастардың концептуалды негізін анықтайды.

Дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидатына сәйкес мемлекет:

— ҚР азаматының, шетелдік пен азаматтығы жоқ адамның дінге және ұстанатын дініне өз көзқарасын айқындауына, ата-аналардың немесе олардың өзге де заңды өкілдерінің балаларды өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуіне, мұндай тәрбиелеу баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндірген, оның құқықтарына қысым жасаған және жауапкершілігін шектеген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына, егемендігіне және аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған жағдайларды қоспағанда, араласпайды;

— діни бірлестіктерге мемлекеттік органдардың функцияларын орындауды жүктемейді;

— егер діни бірлестіктердің қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе, діни бірлестіктердің қызметіне араласпайды;

— дін ұстанатын және оны ұстанбайтын Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар арасында, сондай-ақ әртүрлі діни бірлестіктер арасында өзара төзушілік пен құрметтеу қатынастарын орнатуға жәрдемдеседі.

Яғни, мемлекеттің заңдарын барлығы орындауға міндетті ал, діни қағидалар мен талаптар — тек діни бірлестік өкілдерінің өз еркіне байланысты.

Дін көп жағдайда мемлекет пен биліктің мүддесіне қызмет етеді. Дін халыққа рухани тәрбие береді, билік басындағылардың билігін мойындатады. Мысалы, мешіттер мен шіркеулерде діни қызметкерлер дінге сенушілерді басшылыққа бағынуға шақырады, яғни басшылыққа бағыну ісін құдайға жағымды іс, ал керісінше билікке қарсы шығу құдайдың алдына күнәлі іс екенін түсіндіреді.

Қазіргі таңда Қазақстандағы мемлекеттік билік жастарды тәрбиелеу саясаты мен экстремизмге қарсы күрес бағытында діни бірлестіктердің қызметін белсенді пайдалануда. Атап айтқанда, Қазақстан Мұсылмандар діни басқармасының (ҚМДБ) имамдары жоғарғы және арнайы орта оқу орындарындағы студенттік орталарда, бас бостандығынан айырылғандар арасында, яғни түрлі түзеу мекемелерінде және өзге де мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері арасында ақпараттық насихаттық топтар құрамына енгізіліп, халық арасында діни экстремизмнің алдын алу бағытында ұйымдастырылатын іс шараларға тартылған. Бұл жерде менің назар аударғым келетін бір мәселе еліміздің «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3 — бабының 4 бөлігінде «Діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады», — делінген [3,26].

Сонда елдегі тіркелген діни бірлестіктердің ішінде тек ҚМДБ өкілдері ғана мемлекеттің тәрбиелеу функциясына араласуы қалай болғаны? Бұл дін саласындағы заңға және мемлекеттің зайырлылық қағидаттарына қайшы келмейме деген орынды сұрақ туындайды. Сонымен қатар, елімізде тіркелген өзге конфессиялардың құқығын кемсітпейме деген де ой келетіні заңдылық. Демек, қазіргі діни экстремизм мәселесінің өзектілігі кезінде, бұл «індетке» қарсы күрес бағытында зайырлы мемлекет діни бірлестіктердің көмегіне жүгінуге мәжбүр деген тұжырым жасауға болады.

Сондықтан мемлекет, қоғам және дін ол адам өмірінің ажырамас бөліктері. Адам қоғамнан тысқары, мемлекеттен бөлек өмір сүре алмайды. Мемлекет өз кезегінде адамсыз құрылмайды. Кез-келген қоғамда өзінің діни нанымдары болады. Зайырлы мемлекет діннен, ал дін мемлекеттен бөлек дегенімен адам өмірінің осы екі маңызды элементтері бір-бірінің қажеттіліктерін өтеуге жәрдемдеседі.

Өкінішке орай, қазіргі таңда әлемде ислам дінін терроризммен байланыстыру үйреншікті жағдайға айналып барады. Қоғамда исламфобия қалыптасқан. Қазақстандық қоғамда исламафобияның туындайтындай себептері де жоқ емес. Себебі, тек қана 2010 жылдан бері елімізде қаншама террәктілер орын алып, теріс пиғылды діни ағымдардың қызметі әшкереленіп, кейбіреулері «экстремистік» деп танылды. «Зікіршілер» немесе «Исматуллашылар» атымен белгілі болған «Сенім, Білім, Өмір» қоғамдық бірлестігі болып құрылған ислам дінінің өкілдері заңсыз әрекеттері үшін бүкіл Қазақстан аумағындағы қызметі әшкереленді. 2011 жылы Ақтөбе облысындағы, Ақтөбе қаласы мен Кеңкияқ ауылдарындағы қанды

оқиғаларда ислам дінінің атын жамылып, өздерінің қылмыстық әрекеттерін жүзеге асырып келген дәстүрлі емес «Салафизм» діни ағымының радикалды мүшелерінің қылмыстық әрекеттері орын алды. Сонан соң, Маңғыстау, Атырау, Алматы, Жамбыл облыстарындағы террәктілерді де ислам дінінің атын жамылған, адасушы радикалды топтардың мүшелері жүзеге асырған болатын. Соңғысы 2016 жылы Алматы және Ақтөбе қалаларындағы елді шулатқан террәктілерде қанша азаматтарымыз қаза болды. Сондай-ақ әлемнің түпкір түпкірінде өздерін мұсылман санайтын радикалды террористік топтар қарапайым халық арасында үрей тудыру мақсатымен қаншама қантөгістер жасады. Олардың ішінде соңғы кезде өзекті, әрі ғаламдық проблемаға айналған, көптеген елдерде террористік деп танылған «ДАИШ» ұйымы немесе өздерін «Ислам мемлекеті» деп жариялаған ұйымды атауға болады.

Алайда, бұл ислам дінін ұстанушылардың барлығы бірдей экстремист немесе террорист деген сөз емес. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Ислам әлемге емес, әлем исламға қауіп төндіріп тұр» деген еді. Сондай-ақ, Президенттің еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарында экстремизммен күрес және діни сенім бостандығы бағытында айтқан сөздеріне тоқталсақ: «Үкіметке менің Әкімшілігіммен бірлесіп, Діни экстремизммен және терроризммен күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарлама дайындауды тапсырамын. Сөйте тұрып, мен ұлтты да сақтандырғым келеді. Экстремизммен күрес әйтеуір жазықтыны іздеп табуға айналып кетпеуге және дінмен күреске жалғасып кетпеуге тиіс. Дін мәселелерінде ойластырылған қадам және өте мұқияттылық қажет. Мемлекет діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпауға тиіс. Біз ұят, толеранттылық және төзімділік еркіндігі принциптерін қастер тұтуымыз керек», — деген болатын [6].

Сөйте тұра, соңғы кезде Қазақстанда мемлекетті дінге қарсы бағыттау процессі астыртын жүріп жатыр. Кейде кездері мемлекеттік қызметтегі басшылар тарапынан әсіресе ислам дінін ұстанушыларға деген көзқарастары алаңдатушылық тудырады. Намаз оқитын мұсылмандарға мемлекеттік қызметтегі басшылар «экстремист» немесе «террорист» деген атақ таңатындай көрінеді. Атап айтқанда, мемлекеттік қызметкерлердің мешіттерге баруына, жұма намаздарға қатысуға, мемлекеттік қызметтегі әйелдерге орамал тағуға басшылар тарапынан тиым салу деректері бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып, қоғамда қызу талқылауға түсуде. Барлық мемлекеттік органдарда мемлекеттік қызметкерлердің мешіттерге баруына, биресми емес түрде тиым салынуда.

2016 жылдың қыркүйек айында Шығыс Қазақстан облысының (ШҚО) әкімі Даниал Ахметов өз қарамағындағы мемлекеттік қызметкерлердің жұмыс уақытында жұма намазға баруын доғаруын талап етті. Бұл жаңалықты көптеген ақпарат құралдары таратып, қоғамда қызу талқылауға түсті [7].

Д. Ахметов мырзаның ескертпесі орынды деп есептеймін. Себебі, мемлекеттік қызметкер жұмыс уақытында өзіне жүктелген қызметтік міндеттерін орындауды

бірінші кезекке қоюы тиіс. Және де жұмыс уақытында жұмыс орынын себепсіз тастап кету — ҚР Еңбек кодексінде көзделген тәртіптік шару көруге немесе еңбек шартының бұзуға дейін әкеп соғады. Мемлекеттік мүлікті (қызметтік автокөліктерді) жеке басының шаруаларына пайдалану қызметтік әдепке қайшы келеді. Бұл жағдайда құқықтық жағынан барлығы анық. Келесі мәселе, өзге облыстарда жұма намаздың уақыты түскі үзіліс кезіне сәйкес келеді. Яғни, мемлекеттік қызметкер өз діни сенімі бойынша діни жоралғыларды орындау үшін, өзінің түскі үзілісін «құрбан етеді». Бұл жерде мемлекеттік қызметкер діни жоралғыларды қызметтен тыс уақытта орындайды, тиісінше өзінің жеке уақыты оның жеке ісі болып табылады. Соған қарамастан, қазіргі кезде мемлекеттік қызметкерлерге мешіттерге баруға бейресми емес түрде тыйым салынған.

15.10.2011 жылғы Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 11-бабында «...Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды дінге көзқарасын айқындауда, діни бірлестіктердің қызметіне, діни жораларға және (немесе) дінді оқып-үйренуге қатысуына немесе қатыспауына қандай да бір күштеп мәжбүрлеуге жол берілмейді», — деп көрсетілген [3, 36].

Ал жеке өмірге қол сұғылмаушылық және діни сенім бостандығы ол тек ҚР азаматтарының құқықтары емес, жалпы адамзат мойындаған БҰҰ мен 1948 жылы қабылданған «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында» көзделген адам құқығы болып табылады [8].

Аталған декларацияның 18-бабында «Әр адам ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар; бұл құқық өз дінін немесе наным-сенімін өзгерту еркіндігін, өз дінін, наным-сенімін жеке өзі, немесе басқа адамдармен бірігіп тұтып, жария түрде, немесе жеке жолмен уағыздау, құдайға құлшылық ету, діни салт-жораларын орындау бостандығын да қамтиды», — деп көрсетілген [8,146]. Бұл туралы пікір-таластарда бейтарап немесе атеисттік көзқарасты ұстанатын заңгерлердің өзі адам құқығының бұзылу деректері орын алғандығын мойындауына тура келеді.

Дінге сенушілер мен мемлекеттік қызметке байланысты келесі бір мәселе ол мемлекеттік қызметтегі әйелдердің жұмыс уақытында орамал тағу мәселесі. Ол туралы да жақында [Nur.kz](http://www.nur.kz) жаңалықтар сайтында «Қазақстанда мемлекеттік қызметтегі әйелге жұмысқа орамал тағып келуге тыйым салынды» деген жаңалық жарияланды. Бұл жерде мемлекеттік органның басшысы Мемлекеттік қызмет этикасына сілтеме жасап, қарамағындағы әйел қызметкерге орамал тағуға тыйым салып отыр. Осы оқиға бойынша мемлекеттік қызметтегі әйел ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттіктің төрағасы Қ. Қожамжаров мырзаға түсіндірме алу үшін хат жазған. Қ. Қожамжаров мырза өз жауабында мемлекеттік қызметкер қызмет барысында киім кию таңдауында агенттікпен әзірленген ұсынымдарға сәйкес келу керек деген. Сондай-ақ, ұсынымдарда бас киім туралы нақты ешнәрсе көрсетілмеген [9].

Осы жағдайда БҰҰ-ның «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» 21-бабының 2-бөлігінде «Әр адам өз елінде мемлекеттік қызметке тең дәрежеде қол жеткізуге құқылы» деп көрсетілгендігін ескеруіміз қажет. Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 4-бабында Мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттары көрсетіледі. Баптың бірінші бөлігінің төртінші тармағында «азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің мемлекет мүдделері алдындағы басымдығы қағидаттарына негізделеді», — деп көрсетілген [8, 126].

Қоғамда қызу талқылауға түскен бұл оқиғада пікірлер екіге бөлінді. Әйелдердің мемлекеттік қызметте орамал тағуына қарсылар, «Қазақстанды зайырлы мемлекет сон-

дықтан мемлекеттік қызметтегілер діни ерекшеліктерін көрсетуге құқығы жоқ», — деген сияқты пікірлер айтылды. Алайда, мемлекеттік қызметкер діни сеніміне байланысты киім үлгісі ерекшеленсе, ол мемлекетіміз теократиялық мемлекетке айналды деген сөз емес. Сондай-ақ, зайырлы дегеніміз — діни сенім бостандығын мойындамайды немесе атеисттік мемлекет деген сөз емес. Әрине, дінге сенуші мемлекеттік қызметкер өз өкілеттілігін жүзеге асыру кезінде діни көзқрастарымен басшылық етіп, біреулерге басымдық беріп немесе біреулердің құқықтарын шектеуге жол бермеуі тиіс. Қалған жағдайда мемлекеттік қызметшінің өз діни сенімі болуында және оның жеке уақытында діни жоралғыларды орындауында мемлекеттің зайырлылығына қауіп төндірмейді деген сенімдемін.

Әдебиеттер:

1. Булова Е., Косиченко А. Қазақстан Республикасындағы діни ахуалды дамытудың өзекті мәселелері. Алматы, 2013. — 135б.
2. «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» туралы ҚР Заңы, 1992 ж.
3. «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 2011ж.
4. Айталы А. Ұлт пен дін — тәуелсіздіктің арқауы (мақалалар мен сұхбаттар). Астана, 2012ж.
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995ж.
6. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жыл 14 желтоқсан.
7. Шығыс Қазақстан облысының әкімі Д. Ахметов мемлекеттік қызметшілердің жұма намазға кетуіне қатысты пікір айтты. www.pug.kz
8. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған.
9. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 2015 жылғы 23 қараша.

Коммуналдық шаруашылықты тиімді басқару мәселелері

Абуталип Ақмырза Ерхасенұлы, магистрант;

Абдимомынова Алма Шакирбековна, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ., Қазақстан

Коммуналдық шаруашылық — мемлекеттің, экономиканың, халықтың әл-ауқатына әсер ететін сала. Коммуналдық шаруашылықты басқару саясаты қоғамның барлық бөліктеріне ықпалын тигізеді, яғни, оның субъектілері болып саналатын — халыққа, барлық деңгейдегі басқару ұйымдарына, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарға, өндірістік кәсіпорындарға.


Қалалық коммуналдық шаруашылықты басқару жергілікті басқару органдарының төмендегідей қызметтерін біріктіреді (1-сурет).

Бүгінгі күні республикадағы тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық субъектілерді — тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарын басқарудың тиімсіз жүйесімен және олардың қанағаттанғысыз қаржылық жағдайымен, жоғары пайдалану шығындарымен және оларды

төмендетуге экономикалық ынталандырудың болмауымен сипатталады.

Қолданыстағы желілер мен құрылғылар айтарлықтай тозған, бұл инженерлік коммуникацияларда авариялардың артуына және оларда жұмыстың тоқтауына, жаппай материалдық-техникалық ресурстардың артық жұмсалуына, энергия мен судың үлкен ысырабына алып келеді. Желілер және жүйе ғимараттарының жай-күйі, негізінен, коммуналдық қызметтерді ұсыну тұрақты және қажетті сападағы талаптарға сәйкес келмейді.

Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық саласының ірі, сондай-ақ шағын және орта бизнес үшін тартымдылығы аз болып қала бермек. Негізгі құралдардың әбден тозуы, қатаң реттелетін тарифтер кезінде өтелу мерзімінің ұзақ болуы, ұзақ мерзімді инвестициялау үшін заңнамалық ба-



Сурет 1. Коммуналдық шаруашылық саласындағы жергілікті органдар міндеттері

заның болмауы және өзге де факторлар экономиканың осы саласындағы қызметті дамытуға жеке капитал тартуды ынталандырмайды.

Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық саласында бірқатар тәуекелдер бар, оларды азайту осы саланың инвестициялық тартымдылығын арттырады:

— салалық тәуекелдер: біраз бастапқы шығындар қажет болғандықтан және инфрақұрылымдық жобаларды инвестициялау ұзақ мерзімде өтетіндіктен, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық саласы тартымсыз;

— саяси тәуекелдер: жергілікті атқарушы орган басшысы ауысқан кезде инвестициялық жоба қайта қаралуы және коммуналдық инфрақұрылым саласын дамытудағы басымдықтар өзгеруі мүмкін;

— инфляцияның деңгейіне және жергілікті халықтың төлем қабілетіне жауапты жергілікті атқарушы орган, сондай-ақ коммуналдық тарифтерді реттеуге уәкілетті органдар тарифті көтеруге амалсыз келіседі.

— қаржылық (валюталық) тәуекелдер: өзін өзі ақтау мерзімінің ұзақ болуы қарыз алушыларды ұлттық валюта мен қарыз алған валютаның курстарының ауытқуына тәуелді етеді;

— технологиялық тәуекелдер: жүйелер айтарлықтай тозғандықтан, пайдаланылатын коммуналдық жүйелер

жіі тоқтап қалады және онда авариялар болады және осыған байланысты технологиялық және коммерциялық емес ысыраптардың көрсеткіштері жоғары. Осындай техникалық факторлардан пайдалану шығындарының мөлшерін болжау мүмкін емес.

Ішкі нарықта тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық саласындағы отандық тауарлар өндірісінің жай-күйін талдау және сыртқы сауда көрсеткіштерінің негізінде алынған деректер тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық саласында өндірілетін тауарлардың бәсекеге қабілетінің жоғары емес екенін көрсетеді. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің деректері бойынша тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық саласында қолданылатын тауарлардың жалпы айналымы 2015 жылы 280548,8 млн. теңгені құрады. Оның ішінде тұтастай республика бойынша 218092,8 млн. теңге сомасына импортталды, 62456 млн. теңге сомасына экспортталды [1].

Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық саласында қолданылатын тауарлардың негізгі жеткізушісі Ресей болып табылады, ол 76878481,6 мың теңге сомасында тауар әкелді, бұл, тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық саласындағы тауарлар импортының жалпы көлемінің 35,2%-ын құрайды, Қытай — 31861247,6 мың теңге немесе 14,6% [2].

Сонымен бірге, тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық саласындағы тауарлар, жұмыстар, қызметтер өндірісіндегі қазақстандық қамтудың үлесін ұлғайту бойынша әлеуеттің бар екенін баса көрсету қажет, атап айтқанда:

— орталықтан жылыту қазандары — 2890 дана (қазақстандық қамтудың үлесі 68%-ды құрайды);

— қара металдан жасалған электрсіз қыздырылатын орталықтан жылытуға арналған радиаторлар — 648 тонна (қазақстандық қамтудың үлесі 100%-ды құрайды).

Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық саласындағы ағымдағы жағдайдың күшті және әлсізжақтарын талдау 1 — кестеде берілген.

Кесте 1. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық (ТКШ) саласындағы жағдайды талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары	Қауіптер (тәуекелдер)	Мүмкіндіктер
халықты қажетті ресурстармен қамтамасыз ету үшін шикізат базасының жеткіліксіз деңгейі	қолда бар ресурстарды ұғымсыз пайдалану	энергетикалық ресурстарысырабының жоғары деңгейі және осының салдарынан халық үшін тарифтердің артуы	энергия және ресурс үнемдейтін іс-шаралар жүргізу
мемлекеттің қолдауы	тиімді және дәл жоспарлаудың болмауы	қаржыландырудың негізгі көздерінің бірі болып табылатын республикалық бюджетті секвестрлеу	жеке инвестициялардың және мемлекеттік жеке меншік әріптестік тетіктерінің ұлғаюы
ТКШ саласында жеке кәсіпорындардың жоғары деңгейі	біліктілігі жоғары кадрлардың болмауы	қабілетті жас мамандарды жұмысқа тарту бойынша уәждеме тетігінің болмауы	ТКШ мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктер құру жолымен білім беру үдерісін жетілдіру
тиісті сападағы ТКШ қызметтеріне жоғары сұраныс	ТКШ қызметінің сапасын өлшейтін әдістеменің болмауы; коммуналдық сектор объектілері мен желілерінің қатты тозуы және осының салдарынан сенімді инфрақұрылымның болмауы (авариялар, ысыраптар)	табиғи тозғандықтан жабдықтардың істен шығуы, Қоршаған ортаға жағымсыз әсер ету тәуекелі; тұрғын үй қорын тиісті күтіп ұстау мен пайдаланылу үшін ТКШ саласында бақылаудың болмауы	энергия және ресурс үнемдейтін технологияларды пайдалана отырып, сапалы коммуналдық қызметтер көрсету
өзге салаларда ақпараттық-талдамалық жүйені қолдану тәжірибесінің болуы	ТКШ техникалық жай-күйі туралы дұрыс деректердің болмауы	ТКШ саласын дамытуға жұмсалатын бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау, қаржы тәртібін нығайтудың қатаң тетіктерінің болмауы	ТКШ объектілерінің жай-күйіне мониторинг жүргізу мен бақылаудың ақпараттық-талдамалық жүйесін құру

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде — Америка Құрама Штаттарында, Ұлыбританияда, Германияда, Францияда, Австрияда және басқа да елдерде коммуналдық-шаруашылықты мемлекеттік (муниципалдық) және жеке секторлардың аясында ұйымдастырудың бай тәжірибесі жинақталған. Оны мұқият зерттеу арқылы оң тәжірибелерді қазақстандық тәжірибеде қолдануға мүмкіндік туады.

XX ғасырдың 80—90 жылдары көптеген елдердің үкіметтері әлеуметтік-экономикалық бағдарламалардың және мемлекеттік сектордың экономикасын қайта құру бағдарламалары аясында ТКШ объектілерін түгендеуді жүргізді. Түгендеу барысымен бірге жеке бизнес өкілдерінің қатысуымен коммуналдық қызметтерді ұсынудың жаңа нысандарын іздестіру қатар жүргізілді. Көптеген дамыған елдерде — Ұлыбританияда, Америка Құрама Штаттарында, Швецияда мемлекеттік билік муниципалдық қызметтің

монополиялық жағдайы үлкен қалалардағы өмір сүру жағдайын жақсартуды тежейтіндігін әлдеқашан ұғынды. Дамыған елдердегі тұрғын үй-коммуналдық саласындағы орталықтандырудың және орталықтандырмаудың ұтымды үйлесіміне негізделген жаңа енгізулер оң нәтижелер берді. Олар нарық қызметін тежемейді, керсінше қарқындатады және тұтынушылардың өмір сүру жағдайын жақсартады. Осындай енгізілген жаңалықтарды қалалық су құбыры, жылу-, электр-, газбен жабдықтау, яғни техникалық монополияға жатқызуға дағдыланылған қызмет түрлеріне қолдануға болады.

Осындай тәжірибелерді біздің елімізде де, әсіресе, үлкен қалалар мен облыстардың шетіндегі жаңа тұрғын үй құрылысы орындарында кеңінен қолдануға болады. Осындай әдістің тиімділігі бірқатар Шығыс Еуропа елдерінің (Польша, Югославия, Чехия және Словакия) тәжірибесімен дәлелденген.

Ұлыбританияның үлкен қалаларының жергілікті биліктерінде аймақтарды абаттандыру бойынша конкурстарды өткізудің үлкен тәжірибесі жинақталған. Жергілікті басқару туралы акті (1988 жыл) мердігерлік кезінде ғимараттарды, жолдарды салу және қайта жаңарту, санитарлық тазарту, аймақтарды тазалау жұмыстарына конкурстар өткізуді белгілейді. Аталған салада тұрғындарға қызмет көрсетуді ұйымдастыру кезінде жергілікті билік, жеке мердігерлермен бірге қатысқан конкурста жеңіске жеткен жағдайда ғана өз қызметтерінің көмегіне жүгіне алады.

Әлемдік тәжірибеде мемлекеттік-жеке әріптестік (МЖӘ) бойынша айрықша табысты тәжірибе, кеңінен қолдану және МЖК нысандарын дамытудың жоғарғы деңгейі, әдеттегідей, Батыс Еуропа және Солтүстік Америка елдерінің жоғары дамыған елдерінде байқалады.

Шетелдік тәжірибе тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы МЖӘ дамытудың келесі бағытын көрсетеді:

— тұрғын үй қорын ұйымдастыру және пайдалану (Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания, Бельгия, Нидерланды, Швеция, Австрия);

— тұрғындарға тұрмыстық қызмет көрсету: жөндеу қызметтері, аулалық аймақтарды абаттандыру, жинау, тұрмыстық қалдықтарды жою және қайта өңдеу (Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания, Франция, Германия, Япония, Канада, Швеция, Австрия);

— тазалау жұмыстары, көгалдандыру (Америка Құрама

Штаттары, Ұлыбритания, Австрия, Германия, Бельгия, Канада);

— көліктік қызмет көрсету (Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания, Франция, Швеция, Австрия);

— жолдарды жөндеу және күтіп ұстау (Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания, Франция, Италия, Бельгия Латын Америка елдері, Австрия) [3].

Дамыған елдерде коммуналды инфрақұрылымдарды мемлекеттік реттеу қысқартылмаған, сонымен бірге ТҚШ саласына арнайы қажеттілік әсерімен терең эволюцияны бастан өткізген.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметін тиімді басқару үшін төмендегідей шаралар жүзеге асырылуы тиіс:

— біріншіден, мемлекеттік-жеке әріптестік тетігін дамыту қажет. Бүгінгі таңда Қазақстанда мемлекеттік-жеке әріптестіктің өте қарапайым нысаны таралған, бұл концессиялық келісім-шарттарды сенімді басқаруға беру және ұстау. Сонымен қатар, осы салада концессияның аса күрделі модельдерін қолданудың көптеген оң нәтижелері белгілі, бұл жобалауға, салуға және пайдалануға арналған келісім-шарттар, басқа да келісімшарттар. Осы модельдер тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік-жеке әріптестік тетігінің өте тиімді құралы ретінде қарастырылуы қажет;

— екіншіден, республикалық бюджет қаражаты есебінен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жобаларын қаржыландырудың қайтарымды тетігін әзірлеу және тұрақты енгізу керек.

Әдебиеттер:

1. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғыртудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы. Астана, 2015.
2. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы. Статистикалық жинақ. Астана, 2015.
3. Зотов В.Б. Система муниципального управления. М., 2009.

Өңірлік еңбек рыногының қалыптасу ерекшеліктері мен факторлары

Бекхожаева Айгуль Кожаметовна, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда)

Адам капиталын дамыту үшін лайықты еңбекке қол жетімділікті ұлғайтудың ерекше маңызы бар.

Мемлекет басшысы бірнеше мәрте атап көрсеткеніндей, жұмыспен қамту саясаты кедейлікті еңсеру мен адамдардың әл-ауқатын арттыруда ең негізгі құрал болып отыр.

Елбасының тапсырмасымен еліміздің еңбек нарығындағы қалыптасқан жағдайды оң шешуге, индустриялық саясатты жүзеге асыру үшін еңбек әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін бұрын — соңды болмаған «Жұмыспен қамту — 2020» бағдарламасы әзірленді. Жалпы бұл бағдарлама халық арасында жақсы қабылданып, экономиканың өрлеуіне, оң жетістіктерге жетуіне әсерін тигізуде.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 27 қаңтар 2012 жылғы Қазақстан халқына арнаған «Әлеуметтік — экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында бірінші басымдық — Қазақстандықтардың жұмысқа тартылуы болып белгіленді.

Жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүргізу Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметінің негізгі әлеуметтік басымдықтарының бірі болып табылады. Жұмыспен лайықты қамтуды қамтамасыз ету — халықты әлеуметтік қорғаудың негізі, адам ресурстары әлеуетін дамыту және іске асырудың маңызды шарты, қоғамдық байлықтың артуы мен өмір сүру сапасын жақсартудың басты құралы.


Еңбек нарығын реттеудің әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық-инфрақұрылымдық қызмет ету тетіктерін жетілдіру, облыс тұрғындарын жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғаудың белсенді формасы ретінде жұмыссыздарды кәсіби даярлау және қайта даярлау, қоғамдық бағдарлама жасау негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отыр, ол өз кезегінде ғылыми тұрғыдан зерттеуді талап етеді.

Еліміз күннен-күнге қарыштап дамып, биік арман мақсаттар мен мұраттарға қол жеткізіп келеді. Алайда, жұмыссыз адамдардың санының көбеюі — басты проблема күйінде қалып отыр.

Нарықтық қатынастардың дамуы жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсынысты реттеу, еңбек қатынастары жүйесін реформалау мен жұмыс орындарының сапалық сипаттамаларының артуы, кәсіби білім беру жүйесінің жаңа экономикалық жағдайға бейімделуімен байланысты еңбек нарығында туындайтын мәселелерді зерттеуді көздейді.

Еңбек нарығы жұмыс беруші және жұмыскерлердің әрекетімен сәйкес қоғамдық қатынастардың жүйесін ұсынады.

Экономикалық әдебиетте рыноктық үдеріске ықпал етуші факторларды ажыратудың бірыңғай әдістемесі жоқ, біз төмендегі 1 суретте өңірлік еңбек рыногының қалыптасу факторларын ұсынамыз.



Сурет 1. Өңірлік еңбек рыногының қалыптасу факторлары

Өңірлік еңбек рыногын сапалы және өнімді реттеу әрбір нақты еңбек рыногында қалыптасқан жағдайға тура және жанама әсер етуді пайымдайды және де ол рынок қалыптасып, дамыған барлық факторлар мен шарттарды ескеруді қажетсінеді.

Біріккен сұраныс және біріккен ұсыныс біріккен еңбек нарығын құрайды. Біріккен сұраныс және біріккен ұсыныс қиылыстарының жолымен бейнеленетін бөлім қанағатты сұраныс деп аталады. Қиылыспайтын бөлім ағымдағы нарыққа сәйкес келеді. Ағымдағы нарық табиғи пайда болумен (жазалық, халық миграциясы) және механикалық пайда болумен бейнеленеді (жаңа жұмыс орын әрекетіндегі енгізу).

Қазіргі өңірлік еңбек рыногы әлеуметтік-экономикалық даму, сақталып келе жатқан көшіқондық кетімдер және облыс халқының табиғи азаюы, жұмысқа сұраныс пен ұсыныстың кәсіби-біліктілік сәйкессіздігі, халықтың басым бөлігі үшін жұмыстың болмауы, облыстың жеке-леген аудандарында жалпы және тіркелген жұмыссыздықтың өсуі әсерінен қалыптасады.

Облыстағы халық саны 2015 жылдың 1 желтоқсанына ағымдағы деректер бойынша 763,9 мың адамды құрады, оның ішінде 39,6 мың адам Байқоңыр қаласындағы Қазақстан Республикасының азаматтарының үлес салмағында. 2014 жылғы осы кезеңімен салыстырғанда ол 11,7 мың адамға немесе 1,5%-ға артты. 2015 жылдың басымен салыстырғанда ағымдағы жылдың қантар-қараша айында халық саны 10,7 мың адамға өсті.

2015 жылдың 3 тоқсанында орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы, айына 52110 теңгені құрады, бұл 2014 жылдың 3 тоқсанымен салыстырғанда 2,9%-ға төмен, нақты ақшалай табыстар үшін 6,4%-ға төмендеді.

2015 жылдың III тоқсанына қызметкерлерге есептелген орташа айлық атаулы жалақы 104929 теңгені құрады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 1,7 пайызға төмен. Осы кезеңде нақты жалақы 5,3 пайызға азайды.

ХЕҰ әдіснамасы бойынша анықталатын жұмыссыздар саны, 2015 жылғы III тоқсанда бағалау бойынша 16,0 мың адамды, жұмыссыздық деңгейі — 4,9% құрады. Жұмыссыздар ретінде жұмыспен қамту органдарында 2016

жылғы 1 қаңтарға 1,6 мың адам ресми тіркелген (тіркелген жұмыссыздар үлесі — 0,5%) (Кесте 1).

Соңғы бірнеше жылда облыста макроэкономикалық көрсеткіштер өзгерісінің оң динамикасын қамтамасыз ететін қолайлы экономикалық ахуал қалыптасты, сонымен бірге, өндірістің өсуімен қоса халық кірісінің ұлғаюына қол жеткіздік. Қызылорда облысы үдемелі және әртараптан-дырылған экономикалық құрылымымен сипатталады.

Қызылорда облысы бәсекеге қабілетті әлеуетті құрайтын бай ресурстарға ие. Бұған бірінші кезекте облыс тұрғындарының 47,4% пайызын құрайтын еңбек етуге қабілетті тұрғындарын жатқызамыз. Табиғи қазба байлықтары: мұнай, уран, ас тұзы, әк, шынытас құмы, сондай-ақ, темір және полиметалл кендерінің молдығымен ерекшеленеді.

Өңірде мырыштың — 15,1%, қорғасынның — 9,6%, мұнай, газ, конденсаттардың — 4,7%, уранның — 13,7%, жер асты суларының — 3,4% қорлары бар. Қызылорда облысы ас тұзы, шынытас құмы, бақша, балық өнімдерінің ірі өндірушісі әрі жеткізушісі болып табылады, сондай-ақ, сапалы күріш өсіретін жалғыз өңір болып саналады. Республикалық өндірістің жалпы көлемінде облыс үлесіне күріш өндіру — 90%, ас тұзы — 70% — дан келеді.

Статистика мәліметтеріне сәйкес Қызылорда облысы бойынша 2015 жылдың қорытындысымен экономикалық белсенді халық саны — 325,2 мың адам (2014 ж. — 327,5 мың адам), жұмыспен қамтылған халық саны — 308,9 мың адам (2014 ж. — 311,1 мың адам). Жалпы жұмыссыздық деңгейі 5,0 пайызды (2014 ж. — 5,0 пайыз), жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі: 15—28 жас — 4,6 пайызды құрады (2014 ж. — 5,1 пайыз), өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 0,5 пайызға төмендеді.

Облыс бойынша жұмыспен қамтудың күрделі мәселелері:

- білікті жұмыс күшіне деген сұраныс және ұсыныс құрылымның теңгерімсіздігі;
- халықтың мақсаттағы топтарының жекелеген категорияларын (әсіресе жастар) жұмыспен қамтуды қамтамасыз етудің қиындығы;
- облыстың кәсіптік-техникалық мектептеріндегі материалдық-техникалық базаның әлсіз болуы;
- ауылдық жерлерде жұмыс орындарының жетіспеуі.

Кесте 3. Қызылорда облысындағы еңбек рыногының көрсеткіштері

	2015ж. III тоқсан		
	адам	2015 жылғы II тоқсанға, пайызбен	2014 жылғы III тоқсанға пайызбен
Экономикалық тұрғыдан белсенді халық	325388	104,6	89,9
Жұмыспен қамтылған халық	309385	104,7	90,0
жалдамалы қызметкерлер	200444	105,0	87,9
өз бетінше жұмыспен қамтылған қызметкерлер	108941	104,2	93,9
жұмыспен нәтижелі қамтылғандар	60992	85,6	81,2
жұмыспен нәтижесіз қамтылғандар	47949	143,8	117,3
Жұмыссыз халық	16003	102,4	88,3
Экономикалық тұрғыдан енжар халық	154449	99,2	105,5
Дерек көзі — kyzylorda.gov.kz			

Халықтың көші-қоны мен жұмы күшінің күрделілігі мен қарама-қайшылығы осы процесті реттеу қажеттілігін, көші-қон саясатын жүргізуді талап етеді. ҚР көші-қон саясатын тұрақтандыру халықтың көшіп кетуі, көшіп келуі және ішкі көші-қон саласындағы әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық және ұйымдастырушылық шараларының кешенін қамтиды.

Әдебиеттер:

1. Алексеенко А. Демографические успехи Казахстана// Аргументы и факты. Казахстан. — 2010, № 6.
2. Демография: Учеб. пособие/Под ред.:В. Г. Глушковой, Ю. А., М., Принт: 2007.
3. «Қазақстан 2015 жылы», Қазақстанның демографиялық жылнамалығы. — Астана, 2015.

Вопросы финансирования гендерных основ социальной политики

Бекхожаева Айгуль Кожаметовна, кандидат экономических наук, доцент
Кызылординский государственный университет имени КоркытАта (Казахстан)

Для достижения целей социальная политика использует ряд механизмов, включая бюджетно-финансовые источники. В качестве финансовых основ социальной политики можно рассматривать:

— бюджетные источники, которые пополняются за счет налогов, деятельности государства в экономической сфере, а также иных средств, поступающих в бюджет государства;

— внебюджетные источники, которые пополняются за счет взносов работодателей и наемных рабочих.

Следует иметь в виду, что функциональное предназначение финансовых источников закладывается с момента формирования их социальной значимости в области их применения. Поэтому, проводя анализ бюджетно-финансового фундамента социальной политики, нужно отметить, что распределение финансовых источников и потоков так или иначе отражает качественную определенность социальной политики.

Аннотация. Халықтың әл-ауқатының көтерілуі мен ұлттық экономиканың тиімділігі көп жағдайда инновациялық үрдістердің даму сатысымен айқындалады. Сонымен қатар, кез-келген елдегі индустриялық-инновациялық белсенділіктің негізгі қозғаушы күші жоғары технологиялармен қаншалықты қамтамасыз етілетіндігімен анықталады. Мақалада индустриялық-инновациялық бағдарламаларды жүзеге асырудағы жаңару және даму мәселелерін қарастырылады.

Негізгі сөздер: инновациялық жобалар, индустриалды-инновациялық саясат, инновациялық қызмет, инновациялық үдеріс.

Бүгінгі таңда инновациялық типті экономикаға жалпы дүние жүзінің көптеген елдері енуде. Кейбір аса дамыған елдер инновацияны дамытуды ертеректе бастап кеткен. Әлемнің көптеген мемлекеттері экономикалық дамуды жоспарлағанда инновациялық қызметке аса көп көңіл бөлуде. Ғылым, техника, технология саласындағы жетістіктер экономикалық жүйенің даму деңгейін анықтайтын көрсеткішке айналды.

Инновациялық үдеріс — идеяның инновациялық тауарға айналуы, яғни инновациялық жобаны іске асыру үдерісі. Инновациялық жобаның мақсаты — жаңа технологиялық, техникалық, ақпараттық, экономикалық, ұйымдастырушылық жүйені құру немесе қолданыста бар жүйені өзгерте отырып, ресурстар шығынын азайтып, тауар сапасын тамырымен жақсарту арқылы жоғары тиімділік пен экономикалық өсуге қол жеткізу. [4, с 69].

Индустриялық өндірістің тұрақты өсу тенденцияларын нығайту және оның құрылымдық өзгерістерін жақсарту үшін отандық индустрияны дамыту мәселелерін кешенді түрде шешу бағдарын қарастыратын, 2015 жылға дейінгі мерзімге арналған жаңа мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясатты ұстанып, жүзеге асыру мүмкін

болды. Өйткені, мұндай әрекет индустрия саясатына кешенді сипатты бере отырып, осы саланың даму деңгейі мен қазіргі жағдайын қалыптастыру мақсатын көздеген саясаттарды орындау барысында қателіктер мен кемшіліктердің пайда болуын тежеуге мүмкіндік берді. [1].

Қазіргі таңда инновациялық жобалардың түрлері өте көп: жаңа тауар, жаңа қызмет түрі, өндірістің жаңа тәсілі, басқарудың жаңа тәсілі, жаңа нарық, жаңа шикізат көзі.

Біздің жас егеменді мемлекетіміз үшін инновациялық жобалардың көптеп болуы экономиканы алға қозғаушы күшке айналмақ. Шикізат бағытынан қол үзуге ықпал ететін инновациялық жобаларды қолдану және экономика салаларын әртараптандыру жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізу, ұзақ мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға өту үшін жағдай жасаудың маңызы зор.

Инновациялық жобаны жасау негізінен 2 стадиядан тұрады.

1. Инвестициялау алды (инновациялық идеяны іздеу, ғылыми және маркетингтік зерттеулер жүргізу, ғылыми-техникалық негізін қалыптастыру).

2. Инвестициялық (ақша қаражаттарын жұмылдыру және жобаны материалдық жүзеге асыру).

Бүгінгі таңда елімізде инновациялық жобаны жүзеге асырудың екі стадиясында да өзіндік қиыншылықтар орын алып отыр. (сурет 1).

Бірінші стадияда қалыптасқан проблемалар бойынша мамандарды және жұмысшы кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қазіргі заманғы жүйесінің болмауы елімізде инновациялық идеялардың аздығының басты себебі болып табылады. [3, с 56].

Сондықтан, Білім беру секторы барлық елдер экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін басты «отты нүктелердің» бірі болып отыр. Елдегі білім берудің жалпы деңгейін көтермей, Қазақстан тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізе алмайды.

Аталған өзекті проблемаларды шешуде келесідей жолдарды жүзеге асыру оң нәтиже береді деп ойлаймыз:

Біріншіден, инновациялық жобаларды отандық және шетелдік қаржы институттарымен бірлесіп венчурлық қаржыландыру тетіктерін әзірлеу және іске асыруды белсенді түрде жалғастыру. Венчурлық қорларды құру инновациялық қызметке жеке капиталдың тартылуына, олардың қаупін төмендетуге, инновациялардың коммерцияландыру саласында мемлекет пен жеке кәсіпкерліктің өзара тиімді әсерлесу механизмінің қалыптасуына көмектеседі.

Екіншіден, инновациялық менеджментті жетілдіру. Инновациялық жобаны іске асыруды және инновациялық процестерді басқару, сондай-ақ ұйымдастыру шараларын


жүргізуші инновациялық менеджменттің ғаламдық үрдістерден артта қалуы басты мәселелерінің бірі болып табылады. Сондықтан, инновациялық сала үшін мамандар даярлау мақсатында республикамыздың жетекші университеттерінде және ЖОО-да инновациялық жобаларды басқару жөніндегі менеджерлер, инновациялық кәсіпорындар үшін инженерлік-техникалық мамандар даярлауға, сондай-ақ мамандарды қайта даярлауға көп көңіл бөліп, бағдарланған кешенді білім беру бағдарламасын әзірлеу қажет.

Үшіншіден, елімізде ғылым мен ғылыми-техникалық қызметтерге қаржы бөлу өте аз, оның көлемі 0,9% құрап отыр.

Төртіншіден, Инновациялық жобаларға негізделген гранттарды ұсыну көптеген жаңа идеялардың ашылуына мүмкіндік береді. Біздің еліміздегі қазіргі кездегі үдерістер конкурсты жылына бір рет өткізуді қарастырады. Дегенмен, конкурстарды жиі өткізіп тұру тиімдірек болар еді. Инновациялық жобалар экономикалық өсудің басты тетігі екені белгілі. [2].

Жаңа заманауи ғылыми-техникалық жетістіктерді кеңінен пайдалану келесідей оң нәтижелер береді: еңбек өнімділігінің артуы, экологиялық жағдайдың жақсаруы, халықтың денсаулығы мен әл-ауқатының көтерілуі, бәсекеге қабілетті жаңа экспорттық өнімдерің шығарылуы, экспорттық әлеуеттің әртараптандырылуы, өндірістік үдерістің тиімді ұйымдастырылуы, уақыт үнемділігі.

Қазақстанда инновацияны қалай дамытамыз? Ол үшін өндіріске жаңа технологияларды ойлап тауып, енгізу



Сурет 1. Инновациялық жобаларды жүзеге асырудағы қиыншылықтар

қажет. Әрине жаңа технологияларды бірден ойлап тауып еңгізе салуға болмайды. Бұл процестің өзі бірнеше элементтерден тұрады.

Сонымен Қазақстанда инновацияны дамытудың қандай элементтерін айтуға болады?

Біріншіден, ғылыми әлеуетті дамыту қажет. Екіншіден, венчурлық капитал түріндегі қаржылық қорлар кластерін тұрғызу керек. Үшіншіден, технопарктер мен бизнес инкубаторлар түріндегі инновациялық қызмет субъектілерін құру және инновациялық кәсіпкерлікті дамыту қажет [4, с 12].

Отандық өнімдердің халықаралық рыноктардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруда әлемдік стандарттар мен сертификаттарға көшудің маңыздылығы зор. Яғни, шығарылатын өнімдеріміздің әлемдік стандарттарға сай келуіне баса назар аударуымыз қажет. Әрине, бұл үшін шығарылатын өнімнің сапасын әлемдік деңгейге дейін көтеру қажет, осы мақсатта сапаның ИСО-9000 халықаралық стандарттарын енгізу бойынша да біраз іс-шаралар атқарылды.

Индустриялды-инновациялық саясат ел экономикасындағы шикізаттық бағытты ауыстырып, экономикалық дамуда жүйелі ілгерілеуге, шикізаттық емес саладағы өндірістерді құруға, сонымен қатар жұмыс істеп тұрған өндірістерді техникалық жағынан жетілдіруге, жаңа өнім түрлерінің көбеюіне және жаңа жұмыс орындарының айтарлықтай өсуіне мүмкіндік береді.

Елдің индустриялды-инновациялық өсуін қамтамасыз ету, сонымен бірге өркендеп келе жатқан экономиканың мұқтаждарын қанағаттандыру мақсатында шикізаттық емес саладағы өндірістерді құру және оны жаңарту — мемлекеттің ұлттық экономиканы дамытудағы құралы және объектісі болып саналатындығын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының инновациялық қызметін дамыту үшін елдің экономикалық қызығушылығындағы отандық кәсіпорындар базасында инновациялық өндірісті дамыту және жақсартуға бағытталған инновациялық климат жасалуы қажет. Елдің инновациялық дамуына мемлекет араласпаса, күтіліп тұрған нәтижелерге әкелмейді, сол себепті инновациялық және инвестициялық саясаттың іске асырылуы жеке зерттелуі мемлекеттік бақылаудың немесе реттеудің объектісі болып қалуы керек.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі. Қазақстан Республикасының индустриялық- инновациялық дамуының 2003—2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы: Қаулы //ПҰАЖ.—2003.-№ 30.
2. Анализ современного состояния экономики и обоснование необходимости инновационного развития РК /http://www.nauka.kz/about/legislation/kz/zakon 3/gl3_3. php. — 2011.
3. Гринберг А. С., Король И. А. Информационный менеджмент: Учебное пособие. — М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. — 415 с.
4. Абдимомынова А. Ш., Қазбайқызы А. Модель взаимодействия элементов национальной инновационной системы на региональном уровне. //Молодой ученый, № 5 (109), март, 2016 г. с. 31—34.

Индустриялды-инновациялық даму — Қазақстанды қазіргі дағдарыстың дауылынан мейлінше аз шығынмен алып шығатын жол. Біз жаңа технологияларды игеріп, инновациялық өсуді қолдаған жағдайда ғана дағдарыстың зардаптарынан тезірек құтыламыз.

Инновациялар ғылыммен, конструкторлық-технологиялық базалармен, нақты сектордағы мекемелермен және т. б. институттар мемлекеттік индустриялды-инновациялық саясатпен өзара қарым-қатынаста технологиялық өрлеудің негізіне айналады. Бұл ғылыми орталықтардың, венчурлық фирмалардың, өндірістердің әлеуетіне де, сонымен бірге Қазақстанның инновациялық жүйесі саясатын құруды жүзеге асыру механизміне де байланысты. Инновация кез келген қоғамның мәдени процесс көрсеткіші статусына ие болып отыр. Инновациялық әлеуеттің өлшемі, қоғамның өмір сүру мүмкіндіктері оның әлеуметтік кеңістікте адамның шығармашылық қызметі, өнімінің тиісті бағасы және осы қызметтің нәтижелерін қабылдау болып табылады.

Инновациялы индустрияландырудың негізгі мақсаттары: кәсіпкерлік пен мемлекеттің күштерін біріктіру және елдің резервтерін экономиканың басты секторларын дамытуға шоғырландыру; қолайлы кәсіпкерлік орта мен инвестициялық климатты қалыптастыру; ұлттық экономиканың қарқындылығы мен өнімділігін арттыру [2].

Инновациялық қызметті дамыту үшін оған жан жақтан қолдау көрсетіліп, ары қарай дамуына жағдай жасалуы керек. Мысалға, Батыс Еуропа елдерін алатын болсақ, онда белгілі бір инновациялық жоба жасалса, оны мемлекет тікелей қаржыландырудан бастап, осы жобаны пісіп жетілген түріне дейін өңдейді, тексереді. Міне осындай кезде ғана академиялық және салааралық байланыс күшейеді.

Ал Қазақстан үшін инновациялық курс кезінде басты есте сақтау керек нәрсе инновацияның өзі емес, оны нақтылы экономикалық және бизнес кездерінде оны қалай қабылдап алатыны және еңгізілуі маңызды. Экономика диверсификациясын қамтамасыз ету ғана емес, белгілі бір қысқа уақыт аралығында сапалы, тез әрі арзан тауар өндіруді үйрену маңызды болып табылады.

Сонымен қатар алдыңғы қатарлы елдерден инновацияны еңгізу жөнінен, патент алу белсенділігін ынталандыру жөнінен тәжірибе алуымыз керек.

Меритократия на государственной службе как основа укрепления государственности и развития казахстанской демократии

Темирбекова Эльмира Темирбековна, магистр экономических наук;
Абдишова Гультыхыт Берликовна, магистр экономических наук

Выявление принципа меритократии и источников формирования кадров государственной службы по данному принципу, является неотъемлемой частью более общей и глобальной проблемы — создания казахстанской демократической государственности, авторитетной и действенной власти в обществе.

Как известно, меритократия (букв. «власть достойных», от лат. *meritus* — достойный и др.-греч. *κράτος* — власть, правление) означает следующее — система, при которой положение личности в обществе определяется исключительно его способностями, это система раннего отбора и государственной опеки над самыми талантливыми и перспективными вне зависимости от социального положения, для пополнения кадрового состава государственной службы.

Хотя сама концепция меритократии существовала веками, например, в рамках конфуцианской философии. Сам термин «меритократия» был впервые употреблен немецко-американским философом Ханной Арендт в её эссе «Кризис образования», написанном в 1954 году, и несколько лет спустя разработан британским политиком и социологом Майклом Янгом в его сатирическом труде «Подъем меритократии», в котором описывается футуристическое общество, где общественная позиция определяется коэффициентом интеллекта (IQ). В книге такая система приводит к революции, во время которой массы свергают надменную и оторванную от народа элиту. Позднее у термина «меритократия» появилось более позитивное значение, которое взяли на вооружение сторонники всеобщего равенства возможностей. В своей книге «Грядущее постиндустриальное общество» (1973), Дэниел Белл полагал, что меритократия позволит устранить бюрократию, а также изменить социальную структуру общества в целом.

Как показывает практика, в США распространено мнение, что принцип меритократии в США уже реализован, и что личные достижения каждого американца зависят лишь от его способностей, трудолюбия, жизненных установок и нравственности. Критики обращают внимание на то, что в США по-прежнему важную роль играют наследство, социальные и культурные преимущества, объективные возможности на рынке труда.

В послевоенной Великобритании бум профессий, для которых требуется сдача экзаменов (юристы, врачи), помог множеству людей по происхождению из рабочих перейти в средний класс. Однако для карьеры в других видах профессиональной деятельности (например, в связях с

общественностью или рекламе) ключевую роль играют личные знакомства.

Стоит отметить, что в международной практике меритократия рассматривается как признание заслуг, когда труд человека, государственного служащего оценивается по достоинству и открывает для него возможности для профессионального, карьерного и социального роста. При меритократии на государственную службу приходят наиболее достойные, нравственные, компетентные, талантливые и трудолюбивые люди. Это равенство возможностей для граждан является основой социальных лифтов в стране.

Международные эксперты отмечают, что меритократия в самых развитых странах стала нормой корпоративной культуры и фактором организационной эффективности государственного аппарата.

Казахстанские научные источники не дают конкретного понятийного определения меритократии, четкого обозначения показателей, которые должны учитываться при отборе и продвижении государственного служащего по данному принципу. Не каждый рядовой казахстанский государственный служащий сегодня имеет правильное и полное представление образа меритократа, или принципа меритократии. В то время как основы меритократии на государственной службе уже заложены в следующих:

1) Законе РК «О государственной службе», который определяет государственную службу в первую очередь как профессиональную деятельность по обеспечению исполнения полномочий государственных органов [1];

2) согласно Указу Президента Республики Казахстан «О мерах по модернизации государственного управления РК» от 13 января 2007 года эффективная система государственного управления должна основываться (помимо прочего) на создании условий для привлечения на государственную службу наиболее талантливых кадров [2];

3) в Концепции новой модели государственной службы Республики Казахстан, утвержденной Указом Президента 21 июля 2011 года, видение развития системы государственной службы основывается на ее профессионализации, которая в свою очередь зиждется на принципах меритократии, эффективности, результативности, транспарентности и подотчетности обществу [3].

Таким образом, государственная служба приобретает принципиально другое качество. Мы находимся перед фактом становления меритократии в стране, которая предполагает создание начальных условий для объективно одаренных и трудолюбивых людей, чтобы они в будущем имели шанс занять высокое общественное положение в условиях свободной конкуренции.

Среди основных элементов меритократии можно выделить следующие принципы: поступление на государственную службу осуществляется на основании конкурса; оценка претендентов осуществляется по критериям их личных способностей, знаний и умений; одинаковое отношение ко всем государственным служащим в целях их не дискриминации; равная оплата труда за выполнение равнозначной работы (оплата в зависимости от результатов работы); поощрение государственных служащих, достигших эффективных результатов в своей деятельности, коррекция деятельности тех, чьи результаты не в полной мере удовлетворительны увольнение служащих, результаты, деятельности которых не удовлетворительны.

Безусловно, обеспечение и соблюдение этих принципов со стороны государства, а также действительно эффективная работа государственных служащих, будет способствовать укреплению института государственной службы, как в части качественного состава административного аппарата, так и в части поднятия престижа государственной службы.

Сегодня в области государственного управления ведется целенаправленная политика по поддержанию тех мер, которые озвучил глава государства, а именно отбор на государственную службу по принципу меритократии. Теперь впервые поступающие на госслужбу специалисты будут начинать с низовых должностей, а для дальнейшего продвижения по службе потребуется компетентность и стаж работы.

Надо отметить, что отбор впервые поступающих на государственную службу будет осуществляться централизованно, за счет усиления роли Агентства по делам государственной службы и противодействию коррупции. При этом отбор кандидатов на низовые должности и дальнейшее продвижение по карьере будут осуществляться на основе компетентного подхода, состоящего из трех этапов. Кандидаты вначале будут проходить тестирование на знание законодательства, затем — конкурс в Агентстве и собеседование непосредственно в государственном органе, где кандидат собирается работать [4].

При поступлении на госслужбу планируется увеличить испытательный срок с трех месяцев до шести. Будет также введен рубежный контроль соответствия специалиста через три, шесть месяцев. В случае, если претендент покажет неудовлетворительный результат в эти сроки, то будет уволен по согласованию с Агентством, либо ему продлят испытательный срок еще на три месяца.

Новшеством государственной службы станет внедрение двухэтапного закрытого конкурсного отбора при карьерном продвижении. Теперь конкурсный отбор будет проводиться среди служащих данной организации для заполнения имеющихся вакансий. В случае же отсутствия подходящих по квалификационным требованиям кандидатов конкурс будет проводиться среди госслужащих всех государственных органов. Существующий механизм перевода из одного государственного органа в другой будет упразднен. Исключение предусматривается только для

секретариата политического служащего, куда входят помощники, советники и пресс-секретари.

Профессионализация государственного аппарата предполагает постоянное развитие компетенции госслужащих, для чего предусматривается прохождение обязательных курсов повышения квалификации не реже одного раза в три года.

Особое внимание отводится новой системе оплаты и мотивации труда. В частности, со временем предполагается перейти на факторно-балльную систему, которая предусматривает прямую зависимость заработной платы от достигнутых результатов работника, от должности.

Кроме того, планируется ввести в оплату труда корректирующие коэффициенты по регионам, чтобы обеспечить адекватную уровень жизни на данной территории зарплату госслужащих. При этом в расчет будут приниматься потребительская корзина, стоимость аренды жилья, природно-климатические, экологические и другие условия.

Предусмотрена бонусная система мотивации труда госслужащих отдельных категорий, где индивидуальные результаты будут учитываться во взаимосвязи с итогами работы государственного органа. В рамках этой системы рассматривается возможность наделять руководителя государственного органа правом в пределах лимита штатной численности самостоятельно принимать решение о ее оптимизации и использовании экономии по фонду оплаты труда и другим административным расходам на выплату бонусов.

Формирование профессионального госаппарата невозможно будет считать успешным без дальнейшего усовершенствования системы этических норм для государственной службы, в связи с чем предполагается принятие Этического кодекса. В нем будет отражен широкий спектр вопросов по поведению госслужащих, в том числе по минимизации коррупционных рисков.

Мониторинг действия Этического кодекса, соблюдения его положений в каждом государственном органе будет обеспечиваться специальным должностным лицом — уполномоченным по этике. Подводя итог, нам хотелось бы отметить, что одна из главных проблем меритократии — отсутствие универсального способа определения «способностей» тех или иных претендентов. Тем не менее, главное, принцип меритократии способствует и решению такой задачи как искоренение коррупции, когда при равных возможностях и справедливой оценке претендентов, на государственную службу проходят действительно умные, грамотные, квалифицированные люди, чьи деловые качества являются основным «козырем» при поступлении на государственную службу. Меритократия — это требование времени, и этот принцип будет основным, при поступлении на работу в государственные органы. Внедрение данного принципа означает обеспечение уверенности государственных служащих в объективной оценке их труда и заслуг на государственной службе, а также обеспечение доверия населения к государственному аппарату.

Литература:

1. О государственной службе: Закон Республики Казахстан № 453 от 23 июля 1999 г. // Агентство Республики Казахстан по делам государственной службы. Официальный Интернет-ресурс — <http://kuzmet.gov.kz/kzm/index.html>
2. О мерах по модернизации государственного управления Республики Казахстан: Указ Президента Республики Казахстан от 13 января 2007 года // Агентство Республики Казахстан по делам государственной службы. Официальный Интернет-ресурс — <http://kuzmet.gov.kz/kzm/index.html>
3. Концепция новой модели государственной службы Республики Казахстан, утвержденная Указом Президента 21 июля 2011 года, № 119 // Агентство Республики Казахстан по делам государственной службы. Официальный Интернет-ресурс — <http://kuzmet.gov.kz/kzm/index.html>
4. Абдимомынова, А. Ш., Сулейменов Б. Ж. Анализ кадрового состава государственной службы Республики Казахстан // Молодой ученый, № 5 (109), март-12016 г. с. 419–422.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері

Темирбекова Эльмира Темирбековна, экономика ғылымдарының магистрі;

Бердәлі Құралай Ермекқызы, студент

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Қазақстанда экономикалық реформалаудың басым бағыттарының бірі мемлекеттік басқару жүйесін орталықсыздандыру және жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру. Бұл үрдісті жүзеге асыру үшін жергілікті өзін-өзі басқару институттарын дамыту шарт. Мұның өзі мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру, басқарудың төменгі буынындағы жемқорлық деңгейін азайту, азаматтық қоғамның дамуына ықпал ету сияқты бірнеше стратегиялық мақсаттарға қол жеткізеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 89-бабында елімізде жергілікті маңызы бар мәселелерді тұрғын халықтың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылатындығы белгіленген. Осыған орай «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Заң жобасы көпшіліктің талқылауына 2006 жылдың қазан айында берілді, ол 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді.

«Өзін-өзі басқару» қағидасының әлеуметтік ғылым терминдерінің көпшілігі сияқты толық ғылыми анықтамасы жоқ, оны әр түрлі авторлар әр түрлі түсіндіреді. Оның даму процесіне тоқтала кетсек: алғаш оған XVII ғасырда Англияда (self government) анықтама берілге, одан кейін оны Германия және Ресей мемлекеттанушылары енгізген болатын. Ал Францияда оған сәйкес термин болмағандықтан, ол «орталықсыздандыру» немесе «муниципалдық билік» (pouvoir municipal) түсініктері берілген. Бұл жөніндегі алғашқы идеяларды 1790 жылы Турэ өзінің Францияның жергілікті өзін-өзі басқару реформасы туралы баяндамасында ұсынған.

Жергілікті өзін-өзі басқару теориясының дамуына үлкен үлес қосқан шетелдік оқымыстылар Токвил, Гнейст, Штейн, Лабанд, Ресей оқымыстылары Васильчиков А. И., Безобразов В. П., Коркунов К. М., Чичерин Б. және т. б.

Мемлекеттік орталықсыздандыру процесіне әртүрлі ерекшеліктер, оның ішінде тұрғылықты халықтың мента-

литеті, әдеп-ғұрпы, саяси және құқықтық мәдениеті, демократиялық дәстүрдің орнығуы және де сол сияқты көптеген мәселелер әсер етеді. Биліктің өкілеттілігін тек жергілікті жерлерге механикалық жүзінде көшіру мүмкін емес, ол қоғамда орын алып отырған нақты жағдайларға сүйенуі тиіс.

Орталықсыздандырудың қазіргі кезде көптеген анықтамалары бар. Олардың ішінен біз мойындайтын жақын анықтамаға тоқталғанды жөн көрдік. Орталықсыздандыру — орталықтандыруға қарама-қарсы басқару жүйесі, нақтырақ, жергілікті атқарушы органдар мен өзін-өзі басқару органдарының билігі мен құзіреті шеңберінің кеңейтілуі. Яғни, мемлекеттік функцияның бір бөлігі жергілікті атқарушы және өзін-өзі басқару органдарына тапсырылады. Олар өз кезегінде осы орталықсыздандырылған құзырлар шеңберінде, жоғарғы билікке жүгінбей-ақ, өз атынан өкілеттіктерді жүзеге асырады. Осындай жолмен жергілікті және өзін-өзі басқару қамтамасыз етіледі.

Орталықсыздандыру негізгі үш талаптың орындалуын қажет етеді:

— біріншіден, жергілікті басқару органдары, нақты белгіленген өкілеттіліктерге ие болуы шарт;

— екіншіден, олар құзырларына кіретін мәселелерді шешуге арналған тетіктер мен құралдарға ие болуы керек;

— үшіншіден, олардың іс-әрекетіне мемлекеттік әкімшілік органдар тарапынан бақылау барынша шектелуі тиіс.

Әлемдік тәжірибеде орталықсыздандырудың екі түрі бар. Олар: шоғырландырудан алшақтау (деконцентрация) және деволуция. Шоғырландырудан алшақтау құзіреттердің мемлекеттік билік жүйесінің иерархиясы бойынша төменгі органдарына берілуі деп түсінеміз. Орталық органдарға қарағанда жергілікті басқару органдары өз деңгейіндегі мәселелермен, жағдайлармен тікелей таныс, сондықтан оларды шешу үшін тиісті өкілеттіктерді қолына

алады. Осы шоғырландырудан алшақтау үрдісі жергілікті проблемаларды шешуге көп мүмкіндік береді, сол себептен де аталмыш үрдісті «әкімшіліктік орталықсыздандыру» деп те атайды [1].

Тым қатты орталықсыздандыру, яғни әкімшілік-аумақтық басшыларын сайлау, олардың саяси дербестігін, заң шығару құқығын кеңейту — негізінен субъектілерден тұратын федеративті құрылымды мемлекеттерге тән, ал Қазақстан Республикасы унитарлы — біртұтас мемлекет. Унитарлы мемлекеттер керісінше өздерінің тұтастығын сақтап, елдің саяси ыдырауына жол бермеуге тырысады.

Қазіргі кезде әлем елдерінде жергілікті өзін-өзі басқару органдарының екі түрі бар:

— бірінші, жергілікті тұрғындармен сайланатын, аса маңызды мәселелер бойынша шешім қабылдайтын өкілетті орган;

— екіншісі, — әдетте оперативтік басқаруды жүргізетін атқару органы.

Халықаралық тәжірибеде ЖӨӨБ-дың үш типті моделін айрықша көрсетуге болады.

1. ЖӨӨБ-дың англосаксондық жүйесі (кейде ЖӨӨБ-дың Америкалық түрі деп те аталады). Бұндай жүйе АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия сияқты келімсек елдерде кең тараған. Англосаксондық жүйенің басты ерекшелігі — жергілікті сайланбалы органды бақылап, қамқоршы болып отыратын орталық үкімет өкілінің болмауы.

2. ЖӨӨБ-дың Француздық жүйесі (кейде құрылымдық жүйе деп те аталады).

Бұл жүйе Франция, Италия, Испания және т. б. көптеген Батыс Европа елдерінде тараған. Бұл жүйенің басты ерекшелігі — жергілікті мемлекеттік басқару мен ЖӨӨБ-дың қатар жүргізілуі. Дегенмен, бұл жүйеде орталық үкіметтің жергілікті органдарды әкімшілік тұрғысынан бақылауға («қамқорлыққа») алуы басым.

3. ЖӨӨБ-дың аралас жүйесі Германия мен Жапонияның ЖӨӨБ құрылымы тән. Жапонияның ЖӨӨБ заңында ішкі ұйымның және жергілікті органдардың барлық деңгейін — қала, поселка, ауылдардың міндеттерін, оның құрылымын жекелеп регламенттейді.

Германияда — общиналар, қалалар, аудандар ЖӨӨБ-дың базалық бірлігі б. т. елде коммуналдық басқару органдарының талабы үндеспеген, түрлі жерде олар тұлғалық сызықты иемденеді және жергілікті басқарудың формасы мен типінің үлкен диапазондары бақыланады.

Көріп отырғанымыздай, бұл үрдіс әр елде әртүрлі өтеді, ол мемлекеттің қандай модельді таңдап алғанына байланысты. Бірақ, біздің ойымызша бір модельдің аясында шектеліп қалу мүмкін емес, аталған басқару жүйесі нақты қоғам ерекшеліктерін ескеруі тиіс.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізу кезінде өзіміздің өткен отандық тарихымызды рулық және ауылдық өзін-өзі басқару саласында, кеңестік құрылыста пайдаланылған құндылықтарды ескеруіміз қажет. Қазақстан тарихында жергілікті өзін-өзі басқарудың дәстүрлері бар. Танымал «Жеті жарғы» — орта ғасырдың өзінде түрлі қоғамдық

және мемлекеттік институттар өкілеттігінің барлық саласын анық бөле білген.

Атап өткендей, жергілікті өзін-өзі басқаруды құру мүмкіндігі 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясында қарастырылған. Онда жергілікті өзін-өзі басқарудың қызмет етуіне және олардың дербестігіне белгіленген құзыреті шеңберінде кепілдік берілген. Содан бері жергілікті өзін-өзі басқарудың кейбір элементтерін енгізу мен оның заңнамалық базасын дайындау талпыныстары болған.

Бүгінде Елбасымыздың мемлекеттің Ата заңын жаңалауға байланысты бастамасына орай жағдай айтарлықтай өзгерді.

— Біріншіден, қоғамдық және мемлекеттік институттардың бірігуіне жол берілмейтін ереже алынып тасталынды. Ол жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

— Екіншіден, жергілікті өзін-өзі басқару негізі болып енді еркін, жасырын, тік және жалпы дауыс беру арқылы сайланған жергілікті мәслихаттар табылады. Мәслихаттардың рөлі мен құзыреті арттырылып, бес жылға дейін ұзартылды. Олардың келісімімен барлық деңгейлі әкімдер сайланады. Мәслихатты әкімге сенімсіздік білдіру процедурасы (іс-шарасы) да жеңілдетілген: ертеректе ол мәслихаттың үштен екі бөлігінің даусымен жүзеге асса, қазір тек дауыс берушілер басым болуы жеткілікті.

Осылай, Конституцияға жергілікті өзін-өзі басқарудың жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару жүйелерін жақындатуды көздеген базалық параметрлері енгізілді. [2]

Көптеген мемлекеттердегі мемлекеттік және муниципалдық құрылымды тәжірибесі ЖӨӨБ органдарының экономикалық негізінің нақты көздерінің қалыптасқанын көрсетеді. Қазақстандағы осы көздер қалыптасу үстінде және ол заңдарда, басқа да нормативтік құқықтық актілерде жан-жақты таразыланып бекітілуін қажет етеді.

Үкімет шешіміне сәйкес 1996 жылы тұрғын үй қорын пайдалану мен күту мәселелерін шешу міндеттері жүктелген ПИК-тер (КСК) құрылды. Сондай-ақ, ауылдық жерлерде селолық тұтыну кооперативтері өзінше құрыла бастады. Жергілікті мәселелерді шешудегі келесі қадам тәжірибе түрінде өткізілген 2001 жылғы ауыл әкімдерін сайлау және 2006 жылғы аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін сайлау болды.

ЖӨӨБ-дың экономикалық негізі мына түрде қалыптасады.

— ЖӨӨБ-ратын қауымның меншігі;

— мемлекеттік меншіктің ЖӨӨБ органдары басқаруына берілген мүлігі;

— қолданыстағы заңға сәйкес жергілікті қауымның қажеттілігін қанағаттандыру мүмкіндігі бар басқада меншік түрлері;

— жергілікті қаржылар. [3]

Қазіргі таңда еліміздегі жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіруді бірнеше кезеңге бөлу қажет, яғни бір кезеңнен екінші кезеңге өту сол органның нәтижесі және азаматтық қоғамның даму дәрежесін білдіреді. Бірінші ке-

зеңде қазіргі кезде жергілікті өзін-өзін басқару органы атқарушы биліктің өкілі — әкімді тежейтін орган болуы керек, яғни оны «кеңес» деп атауға да болады. Бұл кеңестің құрамы жергілікті халықтың өкілдерінен 2—3 жылға сайлануы тиіс. Олар халықтың мұң-мұқтажын жергілікті әкімнің алдында көтеріп, шешуді талап етеді. Екінші кезеңге тоқталатын болсақ, халықтың демократиялық, саяси мәдениеті қалыптасып, оның экономикалық ахуалы жақсарумен бірге, жергілікті өзін-өзін басқару жүйесі де белгілі дәрежеде дамуы керек. Дәлірек айтсақ аталған орган

белгілі мәселелерді шешуге құқық алуы қажет. Ол үшін жергілікті өзін-өзі басқару органына заң жүзінде нақты құзырлар берілуі тиіс. Әсіресе оның ішінде қаржы және шаруашылық мәселелерін шешу құзіреттері берілуі керек. Оларды жүзеге асыру үшін жергілікті өзін-өзі басқару органдарына заңды тұлға мәртебесін беру міндетті.

Қорыта келе, қоғамды әрі қарай демократияландыру және әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізу жағдайында жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін енгізу айрықша маңызды болып қала бермек.

Әдебиеттер:

1. Жанузакова Л.Т. Некоторые проблемы статуса маслихатов в условиях конституционной реформы // Вестник Института законодательства Республики Казахстан. — 2007. — №3.
2. Хайдар А., «Жергілікті басқару жүйесінің күшті және әлсіз жақтары», «Саясат және парасат», №2, 2003ж, 5—7 бет.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми Web-сайты: www.government.kz

Өңірде туристік қызмет көрсетуді дамыту мәселелері

Темирбекова Эльмира Темирбековна, экономика ғылымдарының магистрі;

Мәлібекова Жансая Әлібекқызы, студент

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Туризм әлемдік экономикада басты рөлдің бірін атқарады. Бүкіләлемдік туристік ұйымның деректері бойынша, ол әлемдегі жалпы ұлттық өнімнің оннан бір бөлігін, халықаралық инвестицияның 11 %-дан астамын, әлемдік өндірістің әрбір тоғызыншы жұмыс орнын қамтамасыз етеді екен.

Туризм — Қазақстан үшін жаңа табыс көзі, ол халқымыздың салт-дәстүрін, мемлекетіміздің бүгінгі өсіп-өркендеу белестерін өркениетті елдер жұртшылығына кеңінен таныстырудың тиімді жолы. Ал еліміздің осы мүмкіндікті бағынша ұтымды пайдалануға қатысты әлеуеті зор.

Туризм саласының дамуы елімізде кенжелеп қалғанын мойындау керек. Біздегі инфрақұрылымдар, қатынас жолдары, көлік сапасы, қызмет көрсету түрлері халықаралық туризм сұранысына жауап бере алмайды. Дегенмен халықтың жағдайы едәуір жақсарған. Елдегі туристік саяхатқа, демалуға баратындардың саны күрт артты. Бұл ішкі туризм саласын дамытуға мүмкіндіктің бар екенін көрсетеді [1]. Осыған орай Елбасы ел экономикасын арттырудағы басым бағыттардың бірі туризмнің дамуына айрықша мән беріп келеді.

Дегенмен Қызылорда облысында туризм индустриясын дамытуға арнайы бірнеше бағдарламалар жасалғанымен, іске асырылу деңгейі жеткіліксіз күйде қалуда. Арнайы туристік сайттарда облыс аумағында орналасқан табиғи рекреациялық және танымдық бірнеше туристік нысандар ендірілгенімен мәдениетімізді, тарихымызды насихаттауда маңызды роль атқаратын тарихи-танымдық туристік нысандар жоқтың қасы. Қазіргі таңдағы ресми ақпараттар

бойынша облыс аумағында әртүрлі тарихи кезеңдермен мерзімделетін 500-ге жуық тарихи-мәдени ескерткіштер мемлекет тарапынан қорғау тізіміне ендірілген. Бұл дегеніміз қажетті қолдаудың нәтижесінде бірегей мүмкіндіктерді түбегейлі жүзеге асыра алсақ, онда тарихи тамырын сонау тереңнен тартқан өңірімізде тарихи-танымдық туризм индустриясының қарқынды түрде дамуына жол ашады деген сөз.

Қызылорда облысында 8 ауданда орналасқан туристердің қызығушылығын арттыратын тарихи-мәдени ескерткіштер, ғимараттар, сауықтыру орындары мен объектілер, табиғи мүмкіндігі жоғары балық аулайтын орындар көп. Бұл орындар тек Қазақстан ғана емес, әлемдік мәдениетке туризмнің тарихи-танымдық, экологиялық, спорттық, ғылыми түрлерін танып білуге мүмкіндіктер берумен қатар, тұрғылықты халықты және шет елдік туристерді де қызықтырмай қоймайды.

Қызылорда облысы көліміндегі бірнеше тарихи-мәдени ескерткіштерге тоқталып кететін болсақ, олар:

— Бегім ана мұнарасы. Арал ауданы Жаңақұрылыс ауылынан оңтүстікке қарай 35 км жерде орналасқан. Тарихи құндылығы сол, Қазақстанда осы тәріздес ортағасырлық мұнаралар көп кездеспейді, ал Орта Азияда мүлде жоқ екен.

— Қорқыт ата мемориалдық кешені. Түркі дүниесіне ортақ ұлы абыз Қорқыт атаға арналып салынған. Сәулет өнерінің айрықша үлгісі. Қызылорда облысы Қармақшы ауданы, Жосалы кентінен 18 км жерде, Қорқыт станциясының

түбінде орналасқан. Кешен Батыс Қытай-Батыс Еуропа автожолының бойында орналасқан. Тарихи маңыздылығы Қорқыт ата ескерткіш кешені күллі түркі халықтарына ортақ қасиетті зиярат орындарының бірі болып табылады.

— Сауысқандық петроглифтері Қызылорда облысы, Шиелі ауданы орталығынан солтүстік шығыста 50—60 км жердегі Сауысқандық жотасындағы жартастағы петроглифтер. Сауысқандық петроглифтері Қола дәуірінен бері сақталған Қазақстандағы ежелгі жазулардың бірі болып табылатындықтан тарихи құндылығы өте жоғары.

— Ортағасырлық Асанас қала жұрты. Ортағасырлардан сақталған көне қала орны. Қызылорда қаласының оңтүстік-шығыс жағында 48 км жерде орналасқан. Жазба деректерде моңғол шапқыншылығынан бастап (1220ж) белгілі. Қала орны әлі күнге дейін сақталған.

— Бесарық петроглифтері Жаңақорған ауданы Бесарық аулының маңында. Мұндағы жартастарға қашалып салынған бейнелердің кейбірі өзінің орындалу айқындығымен ерекшеленеді. Тарихи маңыздылығы — Ұлы даланы мекендеген көшпенділердің дүниетанымын көз алдымызға әкеледі.

Осы және өзге де Сыр өңіріндегі тарихи орындардың барлығы таяу уақытта тарихи-танымдық туристік нысандарға айналдыруға мүмкіндіктер мол. Өйткені бұл нысандар қала, аудан орталықтары, ауылдарға жақын, сонымен қатар автожолдардың бойында орналасқан.

Облыстағы тарихи-танымдық туризм индустриясының жолға қойылуы қосымша жұмыс орындарының пайда болуына, туризммен сабақтас өзге де инфрақұрылымдардың жетіліп, бірқатар әлеуметтік мәселелердің өз шешімін табуына септігін тигізеді сөзсіз.

Соңғы жылдары Байқоңыр кешенін және осы өңірдегі Қамбаш көлін туризм мақсатына пайдалану, оның инфрақұрылымын бүгінгі өркениет талабына сай дамыту маңызды мәселенің біріне айналды.

«Байқоңыр» ғарыш айлағы «ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесінде көрсетілетін нысандардың бірі болып табылады. Аталған өңірде барлық инфрақұрылым қайта жаңартылады, жаңадан нысандар пайдалануға беріледі. Жер кіндігі — Байқоңырдың әлемдегі теңдессіз ғарыш айлағы, оның алдағы мүмкіндіктерінің орасан зор екенін біз нақты іс жүзінде дәлелдеуге тиіспіз. Байқоңыр өңірінде экологиялық туризмді дамыту мәселелері, осыған сәйкес инфрақұрылымдар өрісін кеңейту бұған дейін де келелі мәселелердің қатарында көтеріліп келеді.

Сонымен қатар, ғарыш айлағында мемлекет — жеке меншік әріптестіктің ықпалымен туризмді дамыту мақсатында Байқоңыр ғарыш айлағының инфрақұрылымы жаңғырту және еркін экономикалық аймақ дәрежесі беріліп, көліктік логистикалық орталық ұйымдастыру үшін халықаралық консорциум құру мәселесі де көтерілген болатын.

Байқоңыр ғарыш айлағын сақтап қалу үшін елбасы қыруар еңбек сіңірді. Қазіргі уақытта Байқоңыр қаласы маңынан өтетін «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» магистральды көлік дәлізі салынуда. Халықаралық қатынас жолының туризм индустриясын дамытуға мүмкіндіктері

мол. Келешекте Байқоңыр ғарыш айлағы, Қорқыт ата кешені халықаралық туризм орталығына айналады.

Таяудағы жылдары өңірдегі Қамбаш көлі туризм индустриясын дамытып, шетелдіктерді тартудың маңызды буынына айналады. Инфрақұрылымдар дамытылып, бұл өз кезінде шетелдіктер Сыр өңірінің бай тарихымен және салт-дәстүрімен танысуға мүмкіндік алады.

Жобалаушылардың, мамандардың пікіріне сүйенсек, Қамбаш көлі маңындағы табиғат аясында ашылған қонақ үйлерге сұраныс көп болады. Зерттеулер көрсетіп отырғанындай, көптеген демалуға ниет білдіргендер үй жағдайында тұруға қызығушылық танытатын көрінеді. Себебі, қазіргі таңда экотуризм санатына жататын бұл қызмет түрімен шұғылданушылар қатары көбейіп келеді. Егер Қамбаш көліндегі инфрақұрылымдарды дамытуға жаңаша сипат беріп, туристерді тарту жолға қойылса, бұл жергілікті бюджеттің сенімді табыс көзіне айналар еді. Ал, мұндай табысқа қол жеткізіп отырған елдер дүние жүзінде жеткілікті. Қазба байлығы жоқ Тайланд, Кипр, Испания тағы көптеген елдердің бюджет табысы туризм кірісінен құралады.

Жобаларға, зерттеулерге сәйкес тарихи терең Арал ауданының Қамбаш көлін туристер келетін мекенге айналдыру бастамасы өте құнды. Бұл ауқымды жобаларды жүзеге асыру жергілікті жерде жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Өңірдегі туризм индустриясының болашағы туралы айтқанда, Қамбаш көліне шетелдіктердің қызығушылық танытарына сеніміміз мол дейді мамандар [2].

Мемлекет басшысы Н. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында инфрақұрылымдар, әсіресе көлік және байланысқа қатысты транзиттік әлеуетімізді дамыту қажеттілігін міндеттеген еді [3]. Осы айтылғандарға сәйкес үкіметте 2013 жылы инфрақұрылымды дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама әзірленіп, қабылданды.

Әлемдегі алпауыт мемлекеттер экономикасын алға сүйреп келе жатқан күш туризм екені белгілі. Сол ғаламдық экономиканың бір бөлшегі болып саналатын біздің елімізде осы үрдістен кенжелеп қалмауы тиіс. Соңғы жылдары елімізде бұл салада серпіліс байқалады. Қазақтың кең байтақ даласы туризмнің қай түрін дамытуға да қолайлы. Бірақ инфрақұрылымның жетіспеуі қолбайлау болып отыр. «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» көлік дәлізі жол қатынасына қатысты шетін мәселелерді шешеді. Әрине, осы жолдың бойындағы ең негізгі туристік нысан ретінде Байқоңыр ғарыш айлағын атауға әбден болады.

Байқоңыр адамзат баласына ғарышқа алғаш жол ашқан әлемдегі теңдесі жоқ ғарыш айлағы екені әмбеге аян. Оны көзімен көруге ынталылар жетерлік. Айлақтың теңдессіз әлеуетін пайдаланып, оған келушілерді қызықтыру үшін барлық мүмкіндіктерді жасауымыз қажет.

Қорқыт ата кешенінің келешегіне келер болсақ, барша түркі әлемі ұлық тұтатын Қорқыт баба мәңгілік тыныс тапқан мекенге үлкен жолдың бойымен жүйткіген көліктердің тоқтап, зиярат етіп өтуі үшін Қорқыт кешенін алыстан көз тартар орынға айналдыру кезек күттірмейтін игі іс.

Туризм тек экономикаға оң әсер етіп қана қоймайды, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға үлес қосады. Оның тарихына көз жүгіртсек, туризмнің жаппай сипат алуы инфрақұрылым дами бастаған өткен ғасырмен тұспа-тұс келеді. Қазір туризмнің жат жерді танып білуге бағытталған түрі қарқынды дамып келеді. Денсаулықты қалпына келтіруге, демалып әрі ем алуға негізделген ту-

ризмнің кең қанат жайғаны байқалады. Сонымен қатар, біздің елімізде қасиетті орындарға зиярат ету үрдісі қалыптасқан.

Қазақтың жерінде, әсіресе Сырдың бойында ескінің көзіндей жәдігерлер жетерлік. Көне заман құндылықтарын топырақ астынан аршып жүрген археологтар біздің өңірдегі ескерткіштердің тарихы тым теренде екенін дәлелдеп келеді.

Әдебиеттер:

1. Ердавлетов С. Р., Назарчук М. К., Қораблев В. А. Мифы и реальность казахстанского туризма. Роль туризма в устойчивом развитии Республики Казахстан/ Под редакцией С. Р. Ердавлетова. Алматы, «Қазақ университеті», 2001. с. 150.
2. <http://e-kyzylorda.gov.kz>
3. Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

Туризмді дамытудың негізгі бағыттары мен туризмнің экономикадағы рөлі

Темирбекова Эльмира Темирбековна, экономика ғылымдарының магистрі;
Шайхыслам Бақжан Кенішбекқызы, студент
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Қазақстандық және шетелдік азаматтардың әртүрлі туристік қызметтерге қажеттілігін қанағаттандыру үшін кең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік кешен құру, саланы дамытудың экономикалық және құқықтық тетіктерін әзірлеу әрі Қазақстанның туристік өнімінің сапасын қамтамасыз ету біздің алдымызда тұрған ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Қазіргі күні Туризм әлемдік экономикада басты рөлдің бірін атқарады. Осыған байланысты Тәуелсіздік алған Қазақстанда 1991 жылдан туризм саласы дамудың жаңа сатысына көшті. [1]

«Туризм» деген термин әдебиет парақтарында 18 ғасырдың соңында пайда болды, ол 19—20 ғасырда кең қолданыла бастады. Солай бола тұрса да, ең алғаш бұл сөз 18 ғасырда Британ аралында осы елге келетін Англия жастарының саяхатын анықтау үшін қолданылады. Француз, Италия, Германия жастарының оқуларын толықтырып әрі қарай жетілдіру үшін мектептерге жіберіліп тұрды. Дегенмен, туризм деген өте кең түсінік, әдебиеттерде туризмге берілген әр түрлі анықтамаларды байқауға болады. В. Унцикер туризм деп тек табыс табуға арналмаған тұрақты жерден тыс жердегі барлық саяхат пен қысқа мерзімдік сапардағы құбылыс пен қатынастардың жиынтығын атады. Кейбір авторлар «әр түрлі мақсаттағы спорттық жарыстарды» туризмге жатқызады. Туризмге қысқа да, сәтті анықтаманы ҮКЭ (Үлкен Кеңестік Энциклопедия) берді: «туризм — бос уақыттағы адамның белсенді саяхаты, сапары, жорық жасап демалуы». [2]

Айталық 20 ғасырдың 30-шы жылдары поляк географы С. Лещицкий туризм туралы түсінікті толықтап,

«туристік — сауықтыру қозғалысына байланысты теориялық, шаруашылық, географиялық, статистикалық, құқықтық, мәдени және әлеуметтік сұрақтардың жиындысы» деп анықтама берді.

Туризмді зерттеуде атағы сіңген В.С. Преображенскийдің айтуынша, «туризм» термині туралы мынадай негізгі түсініктер беріледі:

— демография мен халық географиясы және әділет ғылыми оқитын халық қозғалысының ерекше түрі;

— экономика саласы, экономика мен экономикалық географиямен айналысатын халықтың әлеуметтік-мәдени қажеттілігін өтейтін салаларының біреуі;

— социология мен рекреациялық география айналысатын тұрақты жерден тыс жерлерге бос уақытты өткізудің түрі.

Қазірде туризм анықтамасын екі топқа біріктіруі мүмкін — жұмыстық және концептуалдық. Біріншісінің экономикалық, әлеуметтік, құқықтақ және басқа да туризмнің салаларына қатысы бар. Екіншісі туризмнің ішкі сырын ашады.

Аталған себептерге байланысты тарихи даму процесінде «туризм» мен «турист» деген түсінікке біраз өзгерістер еңгізілді. Алайда, практикалық жағынан туризмнен гөрі турист деген түсінік анықтамасы жағынан анығырақ болғанын қажет етеді. Дегенмен, Ең алғашқы турист деген анықтаманы Ұлттар Лигасының статистика жөніндегі сұрыптау Комитеті берді (1937ж.). Ол халықаралық түсініске ие болды және азғантай түзетулер мен біздерге де жетті «Турист» — сөзі Вебстер сөздігінде А.Д. Чудновский 19ғасыр зерттеуі бойынша бұл «қы-

зығушылығын қанағаттандыру мақсатындағы жол сапары»

Турист- игіліктерді алушы және транспоттық қызмет пен тамақтану мен мекен жайды қажет ететін экономикалық субъект болып табылады. Туристік индустрияда туристік қызмет саласының ұлғайып көбейуіне байланысты, көптеген экономика саласындағы әлеуметтік секторда қызмет саласында даму алды. Жалпы туризмнің экономикадағы негізі туристік ағым және туризм индустриясынан түсетін табыс көзі. Турист экономикалық анықтамасында статистикалық зерттеу объектісі болып табылады.

Соңғы жылдары турист ұғымының анықтамалары ресми халықаралық туристік ұйымдар одағының жиындарында және саяхаттар туралы конференциясында және туризм туралы парламентаралық конференцияның конгресінде талқыланған. Бұл оның теориялық және практикалық жағынан маңызының зор екендігінің және оған берілетін анықтаманың толық та дәлірек болу керектігін көрсеткендігін дәлелдейді.

Бұл анықтама мыналарды қамтиды:

— туристер немесе келушілер деп, осы елде кемінде 24 сағат болатын адамдарды айтады және олардың саяхат жасау мақсаттарын мынадай топтарға біріктіруге болады: а) бос уақыттарын көңіл көтеруге, каникулға, емделуге, оқуға, спорт немесе дінге пайдалану; б) жұмыс бабымен, отбасы ісімен, мақсатпен, съезд, симпозиум немесе конференцияға келушілер;

— экскурсанттар, немесе уақытша келушілер, елде 24 сағаттан аз уақыт болады.

Қазақстанда туризмнің дамуы XIX ғасырда жергілікті немесе аймақтардан келген әуесқой адамдар жалғыз басына немесе топ түрінде экскурсияларды, жорықтарды және көрікті жерлерге серуендерді өткізе бастады. Ал ондай көрікті жерлер Қазақстанның таулы аумақтарында көп болғаны әрине белгілі.

XIX ғасырдың басында-ақ Верный қаласында Орыс тау қоғамының бөлімшесі 1927жылы іс-әрекет аясына болды. Алайда, ең алғашқы нұсқаушылардың бірі Г.И. Белоглазов болатын. Ол ыстық көл жағалауларына сапар шекті. Әдетте, Бүкілодақтық Акционерлік қоғамның «Интурист» Қазақстандық бөлімшесі 1955 жылы Алматыда ашылды. Содан соң 1991 жылы бұл қоғам «Қазақстан Интуристі» ұлттық компаниясы болып қайта құрылды.

Осыған байланысты 1965 жылы Қазақстан Республикасына туризм мен экскурсия одағы ұйымдастырылады және 5-облыстық одақ құрылады: Алматы облысында, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Орал және Шымкент облыстарында, сондай-ақ бұл облыстарда экскурсия бюролары да ашылды.

1993 ж. Қазақстан Дүниежүзілік туризм ұйымына мүше болған. Осы жылы туризм индустриясын дамытуға арналған ұлттық бағдарлама қабылданған болатын. Содан кейін 1997 ж. Қазақстан Республикасының Ұлы Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өрлету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұралар сабақтастығын дамыту тұжырымдамасы, жалпы туризм дамуының стратегиясы жасалды.

Қазақстан Республикасының аумағы өте кең болғандықтан да, елдің өңірлері түрлі экономикалық әлеуетке ие және де ол табиғат байлықтарының орналасуымен, климаттық жағдайлармен т. с. с. айқындалған. Сонымен бірге Қазақстанның табиғи, тарихи, геосаяси орны туристік нысандарды ұтымды пайдалануға мүмкіншілік береді және экономиканың басты тармақтарының бірі ретінде дамытуды қажет етеді. [2]

Қазіргі таңда туризм әлемдік экономикада басты орында және әлемдегі ең пайда көп түсіретін бизнес түріне жатады. Сондықтан да әлемдік шаруашылықтың бұл саласының болашағы жайлы сұрақ ең маңызды болып табылады. Осы заманда адамдардың туристік мақсатта сапар шегуі бүкіл елді қамтыды, осыған байланысты әр елдің адамдары арасындағы қарым-қатынас күнделікті шындыққа айналды. Көптеген кәсіпкерлердің туризмге қызығушылық білдіруі бірнеше факторлармен түсіндіріледі. Ең бірінші, туристік бизнеспен айналысуды бастау үшін, көп инвестицияның қажеті жоқ. Екіншіден, туристік нарықта ірі, орта, кіші фирмалар өзара әрекет ету.

Туристік аймақтың тартымдылығының болуын анықтайтын факторларға келесілерді жатқызуға болады:

- аймақтың қолайлы болуы;
- табиғатын және климатын;
- келушілердің сол елдегі тұрғылықты халықпен ара-қатынасы;
- аймақтың инфрақұрылымы және қатынасы;
- бөлшек сауда жағдайы;
- баға деңгейі және талапқа сай келуі;
- спорттық және білім беру мүмкіншіліктері;
- мәдени және әлеуметтік жағдайдағы сипаттар.

Сондай-ақ, туристердің ағымының төмендеуіне әсер ететін басқа да мәселелер бар:

— виза мәселелерімен байланысты қиыншылықтар. Әдетте, визасыз кіріп-шығуға болатын елдер бар. Біз үшін осындай әкімшілік рәсімінің жеңілдеуі өте маңызды;

— Қазақстан Республикасының туризм агенттігі «Hot Line» құру ісімен айналысуда. Егер турист кез-келген аймақта туристік сапармен жүрген кезде төтенше жағдай болса, арнайы жүйе арқылы қажетті көмек жөнінде ақпарат беруге мүмкіндік туады. Бұл әрине мәселенің ұшығуының алдын алады;

- тұрақты негіздегі авиарейстің жеткіліксіздігі;
- көрсетілген қызметтердің бағасының деңгейін олардың сапасына сай болмауы (тұру, тамақтану, көлікпен қамтамасыз ету және т. б.);

— салық саясаты туризмнің дамуына кедергі жасайды, фирма туристерді жіберуге немесе қабылдаумен айналысатынына қарамастан туристік қызметке қосымша құн салығы салынады.

